



**Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы
КӨКШЕТАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**
Педагогика ғылымдары сериясы



№1 / 2025



**ВЕСТНИК
КОКШЕТАУСКОГО
УНИВЕРСИТЕТА
имени Ш. УАЛИХАНОВА**
Серия Педагогические науки

**Ш.УӘЛИХАНОВ атындағы
КӨКШЕТАУ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК
КОКШЕТАУСКОГО
УНИВЕРСИТЕТА
имени Ш.УАЛИХАНОВА**

Меншік иесі **Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті КеАҚ**
Собственник **НАО Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова**

Бас редактор – Главный редактор
Смагулова Н.К., к.ф.н., ассоц. профессор
Бас редактордың орынбасары
Шуюшбаева Н.Н., PhD, ассоц. профессор
Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Уильям П. Риверс	д-р PhD
Кенжеғалиева М.Д.	д-р PhD
Тастанбекова К.	д-р PhD
Бурыкина М.Ю.	д.псих.н., профессор
Далингер В.А. д.п.н.,	д.п.н., профессор
Жахина Б.Б.	д.п.н., профессор
Абильдина С.К.	д.п.н., профессор
Мағауова А.С.	д.п.н., профессор
Стукаленко Н.М.	д.п.н., профессор
Кульгильдинова Т.А.	д.п.н., профессор
Шайхеслямова К.О.	д.п.н., профессор
Ахаев А.В.	д.п.н., профессор
Курманова Б.Ж.	д.п.н., доцент
Искакова А.Т.	к.п.н., профессор
Дамекова С.К.	к.п.н., доцент

Адрес редакции: 020000, г. Кокшетау, ул. Абая, 76
Тел.: + 7 (7162) 255597
Email: kokshetau_Ped_science@mail.ru

**ISSN 2708-5295 (print) және
ISSN 3078-4948 (online)**

**ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ
сериясы
№1/ 2025**

**серия ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ
НАУКИ**

Жауапты хатшы –
Отвественный секретарь
Курманова А.К.

2020 жылдан бастап шығады
Жылына 4 рет шығады

Издается с 2020 года
Выходит 4 рет шығады

Басуға 26.03.2025 ж. қол қойылды
Пішіні 60x84 1/12
Кітап-журнал қағазы
Көлемі 7 б.т.
Таралымы 200 дана
Бағасы келісім бойынша
Тапсырыс №27

Подписано в печать 26.03.2025 г.
Формат 60x84 1/12
Бумага книжно-журнальная
Объем 7 п.л.
Тираж 200 экз.
Цена договорная.
Заказ №27

Ш. Уәлиханов атындағы КУ
баспаханасында басылған

Отпечатано в типографии
Ку имени Ш.Уалиханова

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

ГТАМР 16.21.07

А. А. Алтай¹, А. М. Абызова²

¹Докторант, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, 040000, Қазақстан Республикасы. <https://orcid.org/0009-0007-3908-065X>. E-mail: altai.aidyn@bk.ru

² PhD доктор, оқытушы-дәріскер, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, 040000, Қазақстан Республикасы. <https://orcid.org/0000-0003-4213-6806>. E-mail: rakhimova-86@mail.ru

ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ДАМУДЫҢ РЕТРОИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

Мақалада «лингвистикалық интеллект» ұғымының ерекшеліктері мен оны дамытудың ретроинновациялық принциптері қарастырылды. Термин қазіргі ғылым жағдайында экстралингвистикалық факторлардың ықпалына байланысты өзекті болып отыр. Оның құрылымдық жүйесін қалыптастыру, дамыту жолдары мен әдістемесін айқындау басты міндеттердің бірі. Әсіресе, жоғарғы оқу орны студенттерінің лингвистикалық интеллектісін жетілдірудің тәсілдерін анықтау зияткерлік қабілеті жоғары мамандарды даярлауға ықпал етеді. Әрі тілдің тұлға және қоғам дамуындағы қызметі мен рөлін жаңаша саралауға жол ашады. Аталған мақсатқа қол жеткізу білім алушылардың интеллектуалды қабілеттерін жоғарылатудың тың тетіктерін көрсетеді. Дегенмен қазіргі уақытқа дейін отандық ғылым тарапынан лингвистикалық интеллектіні дамытуға байланысты қадамдар толық өз бағасын алмай келеді. Сол себепті ұлттық болмыс пен тілді қолданушылардың ерекшеліктеріне негізделген дамыту әдістерін белгілеудің маңызы зор.

Түйін сөздер: лингвистикалық интеллект, ретроинновация, дамыту әдістемесі, ұлттық ерекшелік, педагогикалық-психологиялық принциптер.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

«Лингвистикалық интеллект» ұғымы жаңа ғылыми нысан ретінде зерттеушілердің назарын аудартып отыр. Әсіресе, жаһандық процестердің жаңа деңгейге өтуі мен білім беру кеңістігінің өзгерістерге ұшырауы тілге тікелей ықпал етуде. Осы себепті «лингвистикалық интеллект» ұғымының мәнін ашып, оны дамытудың нәтижелі жолдарын айқындау мақсатында зерттеуде психологиялық-танымдық аспекті басты нысан ретінде қарастырылды. Соңғы кездерде жүргізілген шетелдік зерттеулердің қорытындысы бұл бағытта орындалатын әрекеттердің көрсеткіші жоғары болатынын айғақтайды.

Осыған байланысты, тілді қолданушылардың спецификасын толық ескере отырып, лингвистикалық интеллектіні дамытудың ұтымды концепциясын жасау қажеттілігі туындады. Бұл міндетті орындау үшін Ж.Аймауытовтың ретроинновациялық көзқарастары жетекші пікір ретінде алынды. Зерттеуші эмпирикалық қағидалар негізінде білімгерлердің табиғи ерекшеліктеріне сүйену арқылы, оқыту мақсаттарына жетудің ұтымдылығын көрсеткен. Осы мәндегі тұжырымдар А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Г.Гарднердің еңбектерінде көрініс тапқан.

Ұсынылған деректер мен анықталған нәтижелер қазіргі ғылыми ақпараттармен сараланып, концептуалды байланыс және құрылымдық-модельдік анализ нәтижесінде студенттердің лингвистикалық интеллектісін дамытудың негізгі әдістері ретінде тұжырымдалды. Оларды практикалық оқыту барысында ұстану мен әдістемелік тұрғыда

қолдану студенттердің лингвистикалық интеллектісін дамытуға мүмкіндік береді.

КІРІСПЕ

«Лингвистикалық интеллект» ұғымы қазіргі ғылым парадигмасындағы тың құбылыс болып саналады. Қазіргі уақытта аталған түсінікті жан-жақты ашу басты міндетке айналды. Жүргізілген зерттеулерге сүйене отырып терминге келесідей анықтама беруге болады: «лингвистикалық интеллект – нақты мақсатқа жету үшін, жеке тұлғаның тілді ауызша да, жазбаша да толық көлемде пайдалана алу қабілеті» [1].

Жалпы, лингвистикалық интеллектіге отандық және шетелдік зерттеушілердің берген анықтамалары көп. Бүгінде бұл бағыттағы жұмыстар бірнеше мәселені шешуді міндет еткен. Олардың ішінде терминнің ғылым парадигмасындағы орнын айқындау, лингвистикалық интеллектінің жүйесін белгілеу және оны дамыту жолдарын көрсету міндеттері бар. Алайда ғылыми жұмыс нәтижелері ұғымның онтологиялық болмысын айқындауға мән беріп, оны қалыптастыру мен ілгерілету міндеттерін толық көлемде орындай алмай келеді. Осыған байланысты, лингвистикалық интеллектіні дамытудың ұтымды жолдарын анықтау маңызы артып отыр.

Лингвистикалық интеллектіні өркендетуге мүмкіндік беретін әдістемені жасау бірнеше міндетті қатар шешуге жағдай туғызады. Жасанды интеллектінің актуалдануы, экстралингвистикалық факторлар ықпалының арта түсуі бұл мәселенің өзектілігін еселеді. Сондықтан білім алушылардың лингвистикалық интеллектісін дамыту тәсілдерін зерттеуді өз міндетіміз ретінде айқындаймыз. Оны жетілдіруде Г.Гарднер тіл мен оны қолданушылардың мәдени ерекшеліктерін ескеру маңызын алға тартады [2]. Сондықтан біздің пікірімізше тілдің және оны қолданушылардың табиғи ерекшеліктерін негізге алу аса маңызды. Осы себепті Ж.Аймауытов еңбектеріндегі педагогикалық-психологиялық ұстанымдар лингвистикалық интеллектіні дамытудың жаңа моделі ретінде қарастырылуы қажет.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеу студенттердің лингвистикалық интеллектісін дамыту принциптерін көпқырлы саралауға негізделген. Біздің пікірімізше, **лингвистикалық интеллект** – тұлғаның ақыл-ой қабілетінен хабар беріп, тілді жан-жақты игеру мен тіл арқылы әрекет ете алу қабілеттілігі. Ф.Оразбаева «ойлау тілмен жарыққа шығады, сөйтіп, ол тілдегі единицалар арқылы екінші біреуге түсіндіріледі» дейді [3;250]. Ғалым өз пікірінде тіл үйретуде ойлау процестеріне мән берген. Осының негізінде тілдің ойлаумен етене жақын екені айқындалады. Бұдан бөлек әр ұлттың тіліне сай, ойлау жүйесінде де айырмашылықтар көп. Сәйкесінше, осындай табиғи ерекшеліктерді ескере келіп, лингвистикалық интеллектіні дамыту жолдары қарастырылуы керек. Осыған байланысты тиімді жолдарды ашу мақсатында Ж.Аймауытовтың «Психология» еңбегіндегі көзқарастары сараланды [4]. Ғылыми зерттеуде білім алушының ментальды-интеллектуалды ерекшеліктері эмпирикалық анализге сүйене келе анықталды. Сонымен қатар, ақыл-ой қабілетін жетілдірудің ұлттық-танымдық қырлары жіті зерделенген. Тәжірибелік аспектісіне байланысты өз зерттеуімізде бұл нәтижелерді пайдалану орынды деп білеміз. Бұл тұжырымдарға сүйену лингвистикалық интеллектіні дамытудың табиғи негіздерін қалыптастырып береді.

Студенттің лингвистикалық интеллектісін дамытудың тиімді концепциясын жасау мақсатында ең алдымен құрылымдық анализ және модельдеу әдістері пайдаланылды. Соның негізінде тілдік қабілеттерді ұтымды жетілдіруге мүмкіндік беретін тәсілдердің кешені ұсынылды. Әдістердің тиімділігі негізінде олардың жаңа құрылымы жасалып отыр. Бұл жүйе тілді оқытудың инновациялық аспектілерін белгілейді. Ғалымның ұсынған тұжымдарына контекстілік анализ жүргізу лингвистикалық интеллектіні дамытуға қолайлы психологиялық климат туындататын факторларды айқындады. Сондай-ақ, аталған процесс барысында орын

алатын кейбір мәселелерге назар аударылды. Біздің пікірімізше, оқыту барысында бұл аспекті ерекше көңіл бөлуді қажет етеді. Анықталған тілдік және дүниетанымдық деректер біздің болжамымыз бойынша жаңа форматтағы интеллектуалды дамыту стратегиясын құруға жол ашады. Құрылымдық-модельдеу және контекстілік анализдер нәтижесінде белгілі болған ғылыми көрсеткіштерді ұсыну үшін сипаттамалық әдіс қолданылды. Солайша, зерттеудің бірнеше сатысындағы объективті деректер концептуалды байланысты сақтай отырып, жүйелі ұсынылды. Ізденістер ғылыми нәтижелердің танымдық аспектісін талдау мақсатында когнитивті зерттеу әдістеріне құрылған. Бұл лингвистикалық интеллектіні дамыту міндетін танымдық ерекшеліктермен тығыз байланыста жүзеге асыруды оңтайлы етеді. Әрі оның тиімділігін арттыра түседі деп санаймыз.

Лингвистикалық интеллектіні жетілдірудің тың әдістемесін жасау педагогикалық үдеріске деген көзқарастың түбегейлі жаңаруына алып келеді. Сонымен қатар, оқыту процесінің құндылықтарын да алмастырады. Аталған мәселе, шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған [5]. Авторлар өз зерттеуінде лингвистикалық және педагогикалық зерттеулердің өзара тиімді әрекеттесуі оқытудың өнімділігін арттырып, интеллектуалды деңгейді өсіретінін айқындады. Демек, бұл жағдайда фундаменталды өзгерістер орын алады. Зерттеулерде білім алушылардың жазба жұмысын орындау кезіндегі лингвистикалық интеллектінің рөлі де қарастырылып келеді [6]. Бұл зерттеу нысанының интеллектуалды әрекеттің барлық аспектісін қамтитынын көрсетеді. Келесі зерттеуде ақыл-ой қабілеттерінің артуы білім алушылардың стратегиялық құзыреттіліктерін дамытатынына үлкен мән берілген [7]. Айта кетерлігі, мұндай нәтижеге барлық интеллект түрлерінің дамуы ғана жол ашады. Оның ішінде әрине лингвистикалық интеллекті де бар. Ұғымның адам өміріне әсерін толыққанды зерделеуде психологиялық болмыспен байланысы бар екені белгілі болды. Ол белгілі бір деңгейде жеке тұлғаның психикалық жай-күйіне де әсер ете алады [8]. Осылайша, зерттеу объектісін лингвистика, педагогика және психология ғылымдарының тоғысында қарау тың деректер берді. Зерттеуде сараланып отырған Ж.Аймауытовтың концепциясы осы міндетті шешуге бағытталған.

Оқыту мәселесін аталған аспектіде қараған отандық ғалымдардың жұмыстары да бар. М.Жұмабаев өз еңбегінде «тілі кем болса, адамның қор болғаны. Адамның толық мағынамен адам болуы тіл арқасында. Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт тілі болуы» [9;114] деп тіл маңызын көрсетеді. Өз ойын жалғай келе «баланың тілін шын дұрыс жолға салатын, дұрыстайтын, байытатын мектеп» [9;116] дейді. Солайша, білім алушылардың тілді толық, сапалы меңгере келіп, лингвистикалық интеллектіні қалыптастыра алуы тікелей оқыту барысында орындалатын әрекеттерге байланысты. А.Байтұрсынұлы «һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады» [10;5] дейді. Бұл пікір тілдің ұлт болмысымен терең астасып жатқандығын көрсете отырып, оны зерттеу мен оқытуда жалпы қағидаларды ұстанудың қателігін көрсетеді. Яғни, тіл мәселесінде оған табиғатынан жақын көзқарастарды ұстанған абзал. Өз кезегінде мұндай принципті қатаң сақтау зерттеуді нәтижелі етеді. Жоғарыда айтылған деректерді түйіндей отырып, біз зерттеудің түпкілікті қағидасын А.Байтұрсынұлының пайымдауы көрсетеді деп санаймыз. Осыған байланысты Ж.Аймауытовтың тұжырымдары студенттердің лингвистикалық интеллектісін дамытудың жаңа негізіне айналады.

НӘТИЖЕЛЕР

Ж.Аймауытовтың еңбегінде білім алушының дағдыларын қалыптастыру кешенді құбылыс ретінде көрсетілген. Оқыту және тәрбиелеу мақсатын былайша айқындайды: «тәрбиені былай тағайындауға болады: қылық пен икемділік жүзінде бойына сіңірген әдеттерді іс істеуге (амалға) жанастырып ұйымдастыру. Тәрбиенің жалпы мақсаты – адамның амалға оңтайын жетілдіру екенін көреміз» [4;61]. Ғалым амал ретінде жеке тұлғаның белгілі бір іс-әрекеттерді орындауға бейімділігін көрсетеді. Оқыту мен тәрбиелеудің түпкі міндеті – білім алушыны қабілетті субъектіге айналдыру. Тұлғаның амал-қабілеттерінің қатарына

лингвистикалық интеллекті де кіреді. Оған келесі пікірді дәлел етеміз: «амал деген сөзді кең мағынада ұғу керек; жазу, сөйлеу, бірденеге талпыну, бірденеден қашу – көңілдің түрлі күйі, бәрі де амалға жатады» [4;60]. Зерттеуші лингвистикалық интеллектіні тура мәнінде қолданбаған. Алайда жазу және сөйлеу дағдыларын басқаларынан жоғары қойып, оларды адамның басты қабілеттерінің қатарына қосады. Пайымдау лингвистикалық интеллект ұғымын меңзейді. Оны келесі ой нақты айғақтайды: «шәкірт ер жетіп, жігіттік жасына басқан сайын, ойлау құралы сөзге айнала бергені жөн. Оқытылатын нәрсені дені-ақ «сөз, сөз, сөз» арқылы болуға тиіс» [4;165]. Байқап отырғанымыздай, Ж.Аймауытов өз зерттеуінде жазу мен сөйлеуді басты қабілетке жатқызып, сөзді ойлау құралы деп санаған. Бұл тікелей лингвистикалық интеллекті ұғымын білдіреді. Оны қалыптастыру мен дамыту тәрбиелеу процесінің негізінде жүзеге асады деген. Бірақ автор танымындағы тәрбиелеу ұғымы бір арналы ұғым емес. Термин оқыту, мен педагогикалық процестің барлық аспектілерін шоғырландырады. Сөйтіп, лингвистикалық интеллектіні дамыту бір жағынан үздіксіз, нақты әрекеттер негізінде орындалатын міндет болса, екінші жағынан оның нәтижесі қалыптасқан дағдылар арқылы көрініс табады.

Зерттеуші лингвистикалық интеллект ұғымын зерттеп, оны бірнеше аспектіде қарастырды. Оның бір қыры – дамыту әдістемесі. Аталған аспектінің басты принципі келесідей көрініс табады: «сөзді дұрыс ұғатын болса, неғұрлым керекті сөзді бұлжытпай жаттаса, соғұрлым жақсы бола бермек» [4;164]. Мұнда лингвистикалық интеллектіні дамытушы басты элемент – тіл бірліктері. Яғни, оқыту барысында білім алушының сөзді ұғу, қабылдау, сезе білу және жадында сақтай алуы дамыту әдістемесінің негізі болмақ. Келесі аспект – интеллектуалды ерекшеліктерге негізделеді. Ол жайында ғалым: «тіл – ішкі сырды сыртқа шығаратын құрал. Әр заманда тіл ішкі сырды әртүрлі шығаратын болған. Адам тілінің өркендеген дәуірін бала да басынан кешеді. Бала шыр етіп жерге түскенде, дыбыспен бірге туады» [4;191] дейді. Бұл адамның интеллектуалды және биологиялық дамуында тілдің айқындаушы рөл ойнайтынын көрсетеді. Сондай-ақ, тіл адамның ойлау әрекетінің тасымалдануы мен вербализациясының негізі екенін білдіреді. Осының негізінде лингвистикалық интеллектіні дамытудың басты бағыттары айқындалды.

Ж.Аймауытов тұжырымдаған дамыту әдістемесі ұлттық болмысқа сай келетін принциптерге құрылған. Оқытуда табиғи ерекшеліктер ескеріліп, концепция педагогикалық-психологиялық фактор негізінде жасалған. Солайша, ғалымның әдістемесі психологиялық ерекшеліктерден туындайтын тәсілдерден тұрады. Келесідей әдістерді бөліп көрсетуге болады: қызығушылық туындату әдісі, тілді үлгілік оқыту әдісі, тілдік икемділікті қалыптастыру әдісі, тілдік әдеттендіру әдісі. Байқайтын болсақ, аталған ұғымдардың барлығы адам психологиясымен тығыз байланысты. Біздің пікірімізше, Ж.Аймауытовтың тұжырымы осы себепті де ерекше. Көрсетілген әр бірлікті жеке талдау арқылы мінез-құлық белгілерін жинақтай отырып, лингвистикалық интеллектіні дамытудың ұстанымдарына айналдыруға болады.

ТАЛҚЫЛАУ

Бірінші әдіс – **қызығушылық туындату әдісі**. Автор тұжырымындағы бұл әдісті басты орынға қоюдың объективті себептері бар. Өз жұмысында зерттеуші бұл тәсілге «таңсыққойлық» деген атау берген. «Таңсыққойлықтың мағынасы – нәрсені өте жақсы білуге, толық білуге тырысу. Бұл сезім жоғарылап, ақыл-оймен назарланатын түрге айналса, пәлсепелі білім аңсауға айналады» [4;119]. Аталған мінез кез келген жаңа білім түрін игерудің алғышарты. Бұл білім алушылардың мотивациялық қабілеті арқылы оқытуды көздейтін әрекет. Бастапқы формадағы «таңсыққойлық» жүйелі жұмыс жасалған жағдайда «пәлсепелі білім» аңсауға айналады. Бұл дегеніміз ізденімпаздық және зерттеушілік қабілеттерге ие болу. Жоғары дағдыларға жету оқытушының әдістемелік әрекеттері арқылы жүзеге асады. Айта кететін нәрсе, «қызығушылық туындату» дегеніміздің өзі студенттің ең алдымен процеске деген ұмтылысын қалыптастыру. Болашақта орындалатын әрекеттердің

психологиялық позитивті негізін жасап алу. Осыған байланысты, бұл әдіс біздің модельде бірінші орынға қойылды. «Оқытушы әуелі бірдемені көрсетіп, не істеп, болмаса бір амалды сөзбен суреттеп, баланың ынтасын қоздыруы керек» [4;120]. Тиісті әрекет формалары тұрақты жүргізілген жағдайда білімгердің тілдік дағдылары дамиды. Екінші жағынан, бұл міндет тікелей оқытушының шеберлігі негізінде ғана орындалады. Біздің пікірімізше, студенттің лингвистикалық интеллектісін дамытуда бұл қағида қатаң сақталуы керек. Процесс барысында білімгердің ұдайы тілге қатысты жаңа нәрсені танып, әрі оған қызығушылығын сақтауына үлкен көңіл бөлінуі керек. Олай болмаған жағдайда оқыту формальды сипат алады. Екінші жағынан, оқытушының дұрыс стратегия таңдап, үлгі көрсете алуы, шеберлік танытуы арқылы лингвистикалық интеллектіні дамытудың тиімді жолдары таңдалады. Әдіс аясында табиғи мінез қалпы мен педагогикалық әрекеттің пайдалы синтезі қалыптасады. Бұдан тыс, білімгердің тілді игеру барысында қызығушылығы қалыптастырылмаса, лингвистикалық интеллектіні дамытудың мүмкіндіктері болмайды. Біздің пайымдауымызша, жоғарғы оқу орны студенттерінің тілдік ойлау қабілетін жоғарылатуда бұл ұстаным басты орынға қойылуы қажет. Соның негізінде лингвистикалық интеллектіні дамытудың онтологиялық ерекшеліктері сақталады.

Екінші әдіс – *тілді үлгілік оқыту әдісі*. Оны өз жұмысында Ж.Аймауытов «еліктеушілік» деген. «Тіл, өнер, түрлі мекеме, дүкен, білім жүзіндегі адам баласының барлық тапқан-таянғаны – әлеуметтік тегіне тарту жолымен ұрпақтан-ұрпаққа қалып отырады. Үрім-бұтақ алдыңғы атасына еліктейді» [4;121]. Адамзат өркениетінің дамуында еліктеушіліктің орны айқын көрінеді. Бұл әсіресе білім алушының табиғатынан көрініс табады. Бұдан бөлек, ғалым өз зерттеуінде көрсетіп отырғаны секілді, бір буынның жинақтаған білім мен қабілет қоры екінші ұрпаққа қалады. Ондай эмпирикалық объектілердің қатарына тіл де кіреді. Демек, тілді нақты бір уақыт аралығында қолданған адамдардың еңбегінің нәтижесі ретінде қарастырып, оны меңгертуде табиғи еліктеушілік принципі сақтау керек. Екіншіден, білім алушының бойында бұл қасиеттің басым болатынын ескерсек, лингвистикалық интеллектіні тілдік-тарихи образдар көмегімен де дамытуға әбден болады. Мәселен, ЖОО студентінің лингвистикалық интеллектісін дамытуда ұлттық мәні бар Абай, Махамбет, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, М.Әуезов, Қ.Сәтпаев сынды тұлғалардың лингвистикалық интеллектісінің моделін үлгі ретінде алып, соның негізінде қызығушылық пен еліктеушілікті оята отырып, нәтижеге жете аламыз. Сондықтан да бұл әдісті – үлгілік деп қарастыру орынды. Мұндағы барлық әрекет білімгердің ерікті қалауын туындатуды көздеген. Сәйкесінше, оның нәтижелігі де жоғары болады. Бүгінгі білім беру жүйесінде білім алушының қызығушылығын ескеру, тарихи сабақтастықты сақтау, педагогикалық үрдіске қатысуын ынталандыру маңыздылығын ескерсек, ғалымның ұстанымы бұл міндеттерді толық орындайтын әдіс екені айқын. Бұл нәрсе екінші бір факторды туындатады. «Бәсекелесу сезімі табиғатымыздың негізінде бар; әлеуметтің алға басуы көбінесе осы сезім арқылы болады. Ақылды мұғалім бұл соқыр сезімнен де пайда шығарады» [4;123]. Пікір қазіргі білім беруде кеңінен қолданып келе жатыр. Барлық білім беру деңгейлерінде, оның ішінде ЖОО-да сапаны нығайту мақсатында кәсіби бәсекелестікті туындатуға мән беріледі. Лингвистикалық интеллектіні нысан ретінде алып үлгілік әдіс негізінде білімгерлердің мотивациясын қалыптастырып, оны өзара сапалы бәсекелестік арқылы бекітуге болады. Солайша, процесте сыртқы факторлардың қажеттілігі болмайды. Керісінше, дамыту қалыпты, үйреншікті жағдайда жүзеге асады. Әрі бұл әдісті қолдана отырып, білімгерлерді өзара интеллектуалды жетілдіруге болады. Әрекет барысында ынталандыру алгоритмдері қарастырылғаны жөн. Сонда студенттің лингвистикалық интеллектісін дамыту үздіксіз өтетін автономды процеске айналады. Білімгерлер өзара бәсекелесу арқылы білім қорын жинақтайды.

Үшінші әдіс – *тілдік икемділікті қалыптастыру әдісі*. Бұл әдістегі міндет нақты мақсатты көздей отырып, лингвистикалық интеллектіні орныққан дағдыға айналдыру. Осы жайлы ғалымның келесідей пікірін қарастыруға болады: «икемдеріміздің көбі белгілі жаста піседі. Осы икемдерімізді қанағаттандырырлық кезінде керекті нәрсеге даяр болса, ол нәрсеге

дағдылы амал пайда болып, ол амал нығая бермекші» [4;125]. Лингвистикалық интеллектіні нысан ретінде қарастыратын болсақ, ол да тұлғаның басқа да түрлі дағдылары секілді нақты бір уақытта жетіледі. Алайда жоғарыда көрсетіліп отырғандай, оған ықпал ететін фактор қажет. Бұл кейстен екі мәселе анықталады. Біріншіден, білім алушының қабілетіне диагностика жүргізілуі керек. Нәтижесінде лингвистикалық интеллектіні дамытуға мүмкіндік беретін алғышарттар мен қабілет деңгейі айқындалады. Екіншіден, айқындалған лингвистикалық қабілет дәрежесіне сүйене отырып, тіл дамыту әрекеті жасалуы қажет. Уақыт өте келе орындалған амал тұрақты икемділікке жетіп, лингвистикалық интеллектіні қалыптастырады. Ойымызды келесі пікірмен дәлелдеуге болады: «пәлен жасқа, пәлендей икемі білінеді деп, қолма-қол көрсетерлік жоба жоқ; ол жоба әр уақытта аса жіті зерттеу, бақылаумен ғана табылатын нәрсе» [4;125]. Осы себепті, студенттің лингвистикалық интеллектісінің дәрежесіне ұдайы талдау жасалып, спецификалық дамыту стратегиясы жасалуы керек. Оқытушы нәтижеге жету үшін білім алушыларға ұдайы зерттеу жүргізіп отырады. Сондықтан бұл әдістің нәтижесі әлдеқайда жоғары болады деп санаймыз. Өйткені оны қолдануда жас ерекшелігі, психо-физиологиялық факторлар, білімгердің зияткерлік қабілеттері ескеріліп, барлық қадам соғай сай орындалады. Объективті жасалған қадамдар жоғары лингвистикалық интеллектіні қалыптастырады. Әдісті қолдану кезінде тілдік контекст таңдалып алып, білімгерлердің ақпаратты өңдеу, тілді барлық жағдайда қолдануына басымдық берілгені жөн. Сонда студенттің тілдік икемділігін толық қанағаттандыратын факторлар тиімді қолданылса, ол лингвистикалық интеллектінің дамуына жол ашады.

Төртінші әдіс – *тілдік әдеттендіру әдісі*. Ж.Аймауытов өз еңбегінде адамның табиғи ерекшеліктерін зерттей отырып, келесідей тұжырым жасайды: «миымызда сондай бір қасиет бар. Әуелде қиын көрінген нәрсе қайта-қайта істей берсе, жүре бара оңайланып кетеді. Тіпті, көп дағдыланса, ойланбастан, машина тәрізденіп істейтін боламыз» [4;125]. Бұл жағдайда тұлғаның дағдыны қалыптастыруға бағытталған әрекеттерінің нәтижесінде, адам бойында белгілі бір қабілеттің пайда болатыны жайлы айтылған. Назар аударарлық жайт, қабілет уақыт өте келе автоматты, өздігінен жүзеге асатын дәрежеге жетеді. Тұлға интеллектуалды әрекет түріне ие болады. Ол адам болмысына берік орнығып, ажырамастай күйге жетеді. Лингвистикалық интеллектіні дамыту кешенді құбылыс, әрі ұзақ мерзімді процесс болып табылады. Оны жетілдіруде бұл принципті пайдалана аламыз. Нақтырақ айтқанда, студент тілін жетілдіруге жағдай туғызатын жаттығулар, тапсырмалар, ізденістерді орындауға әдеттендіру арқылы білімгердің интеллектісін дамытуға мүмкіндік туады. Білім алушы осындай орта жағдайларына бейімделіп, өздігінен шығармашылық әрекет жасай алатын болады. Алайда процесс еркін жағдайда өтер болса нәтижелігі де жоғары болмақ. «Амалдарымыздың көбі ойландырмай, зорландырмай, оңай істелетін болса, соғұрлым ақылымыздың еркіндігі де мол болады» [4;134]. Студенттің тілін дамытуға әдеттендіру әдісін ұстану кезінде ескеретін маңызды фактор шығармашылық және ізденістік еркіндікті беру. Қалыпты білім алу форматынан ауытқымау. Осы ерекшеліктерді ұстану білімгерді табиғи орта жағдайынан шығармай-ақ, оның «ақыл еркіндігіне» жетуіне жол ашады. Бұл дегеніміз дамыған лингвистикалық интеллектіге жету деген сөз. Аталған жағдайда әдістемелік шеберлік те керек. «Шәкірттерге дерексіз жақсы сөздерді, үгіт-насихаттарды көп сөйлей бермей, оның орнына ойын, сезімін амалын тырна қатар өркендету үшін кез келген жерде аңдып отырып, қолданған ережеңді іске асыруға талпын» [4;135]. Көрсетіліп отырған мәселе бүгінгі білім жүйесінде жиі қайталанатын қателік. Әсіресе, тіл дамытуда дағды қалыптастыратын нәтижелі қадамдар керек. Лингвистикалық интеллектіні дамытуда ең алдымен, формализмнен алшақтап, бүгінгі қоғам талаптарына сай келетін әрі әрекет соңында студенттің ой-сезім жүйесінде әсер қалтыратын кешенді оқыту керек. Мұндағы басты әдіс – тұрақты әдеттендіру. Оның ерекшелігі – жалаң тапсырмалар қорын құрастыру емес, керісінше тілдік дағдыларды іркіліссіз, еркін жасалатын деңгейге жеткізіп, білімгердің ойына тікелей ықпал жасайтын стратегия қалыптастыру. Бұл лингвистикалық интеллектіні дамытуда ұстанатын қорытынды әдіс. Жоғарыда сипатталған тәсілдердің барлығы қорытындысында әдеттендіру арқылы нақты қабілеттің қалыптасуына негіз болады.

Ж.Аймауытовтың ұсынған тұжырымдамасының аясы өте кең. Бірақ оқытудың психологиялық ерекшеліктері мен тілдің табиғи сипаты ескерілгендіктен, зерттеу нәтижелерін лингвистикалық интеллектіні дамытудың әдістері қатарына жатқызамыз. Ескерілетін маңызды мәселе біз сипаттаған тәсілдер жеке дара емес, комплексті түрде, сабақтастықты сақтай отырып қолданылуы шарт. Әдістер жүйесін келесі сызба арқылы көрсетуге болады:

Сызба 1 – Лингвистикалық интеллектіні дамытудың ретроинновациялық әдістері



ҚОРЫТЫНДЫ

Ж. Аймауытовтың оқытуға, оның ішінде тілді меңгертуге қатысты тұжырымдары бірнеше аспектіні қамтиды. Ең маңыздысы ғалымның білім алушының тілін жетілдіруде табиғатына жақын, психологиясына сай төте жолдарды таңдап алуы. Лингвистикалық интеллектіні дамыту секілді ұзақ мерзімді алатын, кешенді түрде, тұрақты орындауды қажет ететін оқыту түрінде ұлт болмысына, халық менталитетіне, білімгердің жаратылысына кереғар әдістерді қолдануға болмайды. Ондай жаңашылдықтар осы уақытқа дейін өз нәтижесін берген жоқ. Біздің ойымызша, студенттердің лингвистикалық интеллектісін дамыту ісінде қарастырылған әдістер негізгі ұстанымдар ретінде қабылдануы қажет. Болашақта орындалатын барлық қадамдар осы принциптерден туныдайтын болса, өз нәтижесін береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Fernando. F., Zablotskaya. K., Minker. W. Text categorization methods for automatic estimation of verbal intelligence // Expert Systems with Applications, 2012. – №39(10). – P. 9807-9820.
- 2 Гарнер Г. Структура разума: теория множественного интеллекта. – Москва: Вильяме, 2007. – 801 с.
- 3 Оразбаева Ф. Тіл әлемі. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Ан-арыс, 2009. – 368 б.
- 4 Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 1995. – 312 б.
- 5 Matthew. D., Hyun-Bin Hwang. Issues with pedagogical implications in applied linguistics research: A mixed-methods systematic evaluation // Research Methods in Applied Linguistics. 2024. - №3(1).
- 6 Rahimi. A., Qannadzadeh. J. Quantitative usage of logical connectors in Iranians' EFL Essay writing and logical and linguistic intelligences // Procedia - Social and Behavioral Sciences. 2010. – №5. – P. 2012-2019.

7 Luwel. K., Foustana. A., Papadatos. Y., Verschaffel. L. The role of intelligence and feedback in children's strategy competence // Journal of Experimental Child Psychology. 2011. №108(1).

8 Francis, R., Hawes, D.J., Abbott, M.J., Costa, D.S.J. Cognitive mechanisms for worry in early adolescence: Re-examining the role of high verbal intelligence // Personality and Individual Differences. 2018. №120(1). – P. 179-184.

9 Жұмабаев. М. Педагогика. – Алматы: Самға, 2024. – 140 б.

10 Байтұрсынов. А. Тіл–құрал.– Астана: Алашорда, 2022. – 384 б.

Ретроинновационные методы развития лингвистического интеллекта

А. А. Алтай¹, А. М. Абызова²

¹Жетысуский университет имени И.Жансугурова, Талдыкорган, 040000, Республика Казахстан

²Жетысуский университет имени И.Жансугурова, Талдыкорган, 040000, Республика Казахстан

В статье рассмотрены особенности понятия «лингвистический интеллект» и принципы его развития. Термин становится актуальным в условиях современной науки в связи с влиянием экстралингвистических факторов. Одной из главных задач является определение путей и методик развития данного явления. Определение методик совершенствования лингвистического интеллекта студентов высших учебных заведений способствует подготовке специалистов с высокими интеллектуальными способностями. Также достижение этой цели помогает по-новому дифференцировать функции и роль языка в развитии личности и общества. На основе научных результатов определяются новые механизмы повышения интеллектуальных способностей обучающихся. Однако до настоящего времени со стороны отечественной науки шаги связанные с развитием лингвистического интеллекта не получили полной оценки. Поэтому важно установить методы развития, основанные на национальных особенностях пользователей языка.

Ключевые слова: лингвистический интеллект, ретроинновация, методика развития, национальная специфика, педагогико-психологические принципы.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Fernando. F., Zablotskaya. K., Minker. W. Text categorization methods for automatic estimation of verbal intelligence // Expert Systems with Applications, 2012. – №39(10). – P. 9807-9820.

2 Гарнер Г. Структура разума: теория множественного интеллекта. – Москва: Вильяме, 2007. – 801 с.

3 Оразбаева Ф. Тіл әлемі. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Ан-арыс, 2009. – 368 б.

4 Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 1995. – 312 б.

5 Matthew. D., Hyun-Bin Hwang. Issues with pedagogical implications in applied linguistics research: A mixed-methods systematic evaluation // Research Methods in Applied Linguistics. 2024. - №3(1).

6 Rahimi. A., Qannadzadeh. J. Quantitative usage of logical connectors in Iranians' EFL Essay writing and logical and linguistic intelligences // Procedia - Social and Behavioral Sciences. 2010. – №5. – P. 2012-2019.

7 Luwel. K., Foustana. A., Papadatos. Y., Verschaffel. L. The role of intelligence and feedback in children's strategy competence // Journal of Experimental Child Psychology. 2011. №108(1).

8 Francis, R., Hawes, D.J., Abbott, M.J., Costa, D.S.J. Cognitive mechanisms for worry in early adolescence: Re-examining the role of high verbal intelligence // *Personality and Individual Differences*. 2018. №120(1). – P. 179-184.

9 Жұмабаев. М. Педагогика. – Алматы: Самға, 2024. – 140 б.

10 Байтұрсынов. А. Тіл–құрал.– Астана: Алашорда, 2022. – 384 б.

Retroinnovative methods of linguistic intelligence development

A. A. Altay¹, A. M. Abyzova²

^{1,2} Zhetysu University named after I.Zhansugurov, Taldykorgan, 040000, Republic of Kazakhstan

The article discusses the features of the concept of «linguistic intelligence» and the principles of its development. The term is becoming relevant in the context of modern science due to the influence of extralinguistic factors. One of the main tasks is to identify ways and techniques for the development of this phenomenon. The definition of methods for improving the linguistic intelligence of university students contributes to the training of specialists with high intellectual abilities. Also, achieving this goal helps to differentiate the functions and role of language in the development of personality and society in a new way. Based on the scientific results, new mechanisms for improving students' intellectual abilities are being identified. However, to date, the steps related to the development of linguistic intelligence have not been fully evaluated by science. Therefore, it is important to establish development methods based on the national characteristics of language users.

Keywords: linguistic intelligence, retroinnovation, development methodology, national specifics, pedagogical and psychological principles.

REFERENCES

1 Fernando, F., Zablotskaya, K., Minker. W (2012), «Text categorization methods for automatic estimation of verbal intelligence» *Expert Systems with Applications*. vol. 39, no.10, – pp. 9807-9820.

2 Garner G. Strýktýra razýma: teoria mnojestvennogo intellekta [The Structure of the Mind: the theory of multiple intelligence] (Moscow, 2007).

3 Orazbaeva F. Til álemi. Maqalalar, zertteýler. [Language World. Articles, research] (Almaty, 2009).

4 Аймауытов J. Psihologiya [Psychology] (Almaty, 1995).

5 Matthew, D., Hyun-Bin Hwang. (2024), «Issues with pedagogical implications in applied linguistics research: A mixed-methods systematic evaluation» *Research Methods in Applied Linguistics*. vol.3, no.1

6 Rahimi, A., Qannadzadeh. J. (2010) «Quantitative usage of logical connectors in Iranians' EFL Essay writing and logical and linguistic intelligences» *Procedia - Social and Behavioral Sciences*. – vol. 5, – pp. 2012-2019.

7 Luwel, K., Foustana, A., Papadatos, Y., Verschaffel. L. (2011) «The role of intelligence and feedback in children's strategy competence» *Journal of Experimental Child Psychology*. vol. 108, no.1.

8 Francis, R., Hawes, D.J., Abbott, M.J., Costa, D.S.J. (2018) «Cognitive mechanisms for worry in early adolescence: Re-examining the role of high verbal intelligence» *Personality and Individual Differences*. vol. 120, no.1, – pp. 179-184.

9 Jumabaev. M. Pedagogika [Pedagogy] (Almaty 2024).

10 Baitursynov. A. Til–qural [Language-tool] (Astana, 2022).

MRNTI 14.07.09

М. В. Akbergenova,¹ М. Zhambylkyzy²

¹PhD student in the specialty "Foreign Language: two foreign Languages", Faculty of Philology, Al-Farabi University, Almaty, 050000, The Republic Of Kazakhstan, e-mail: akbergenovameruert41@gmail.com

²Senior lecturer.PhD Faculty of philology, Al-Farabi University, Almaty, 050000, The Republic Of Kazakhstan, e-mail: marina.zhambyl@gmail.com

DEVELOPING SPEAKING THROUGH PODCASTS

The article examines the effect of listening to English-language podcasts on the development of conversational skills. The first part of the work focuses on various methods for learning and developing conversational skills. A podcast, as a form of media content, is an audio recording that can cover a wide range of topics and formats. In today's world, podcasts have gained immense popularity due to their accessibility and diversity. They allow listeners to immerse themselves in a language environment, which is particularly important for those learning English. It is also worth noting that podcasts can be used for self-study of the language. In the second part of the study, a survey was conducted among a group of students to identify the impact of podcasts on the development of their conversational skills.

The survey results showed that students who actively listen to English-language podcasts demonstrate significant improvement in their conversational abilities. They noted that podcasts help them not only expand their vocabulary but also improve their pronunciation and develop listening skills. In conclusion, the study found a positive influence of podcasts on the level of English language learning. Students who regularly listen to podcasts feel more confident when communicating in a foreign language and are able to express their thoughts more freely. This confirms the importance of using modern technologies and media formats in the educational process, which opens new horizons for language learning and contributes to a deeper understanding of the cultural aspects associated with the language.

Keywords: podcast, foreign language, speaking, method, internet, technology.

INTRODUCTION

Developing speaking skills is one of the most important tasks in the process of learning English. In our time, when international communications are becoming increasingly important, language proficiency not only opens doors to new opportunities, but also contributes to a deeper understanding of the culture and traditions of other countries. Speaking, as one of the key speech activities, requires constant practice, feedback and application in real-life situations. Therefore, the use of technology, such as podcasts, becomes an indispensable tool for students seeking to improve their speaking skills.

Podcasts, as already mentioned, are not only educational but also entertaining resources. They can cover a wide variety of topics - from science and technology to art and personal growth. This diversity allows students to choose those areas that really interest them. Due to this, interest and motivation for learning increase, since students do not have to do what they do not like. Instead, they can focus on those aspects of the language that they find most fascinating and inspiring [1, p.45].

In addition, podcasts of different levels of difficulty can be adapted to the specific needs of students: from beginner to advanced. This means that even beginners can find podcasts with simple dialogues and a slow pace of speech, which allows them not only to understand, but also to better absorb vocabulary and grammar. On the other hand, more experienced students can listen to

podcasts on topical issues, with a real accent of native speakers, which significantly expands their horizons and introduces them to the living language.

Using podcasts not only helps to develop listening skills, but also contributes to the automation of speech. With regular listening, students begin to catch intonations, accents, as well as complex grammatical constructions, which in turn has a positive effect on their own speech. Considering that podcasts are often created by native speakers, students can hear real conversations, which helps them better understand the context in which certain expressions, idioms, or phraseological units are used [2, p.163].

However, in order to get the most out of podcasts, it is important to properly organize the process of using them. For example, students can ask themselves some questions while listening: “What did I understand?”, “What new words or expressions did I hear?”, “How would I answer the questions or express my opinion on the topic under discussion?” Such exercises not only help to improve the level of understanding but also train students to formulate their thoughts in English, which will have a positive effect on their speaking skills in the future. However, improving speaking skills through podcasts can result in a lack of direct interaction with other people. Therefore, combining different types of educational resources is the key to success. For example, after listening to a podcast, students can organize a group discussion, where everyone expresses their opinion, asks questions, and talks about what they have learned. This approach contributes to the emergence of a situation close to real communication, where the possibility of integrating new lexical material into an active vocabulary becomes real.

In addition, podcasts can be a great complement to other traditional teaching methods. Teachers can incorporate audio files into their lessons, using them as discussion starters, role-playing assignments, or even homework material. This can greatly diversify the learning process and make it more interactive and relevant to modern requirements [3, p.54].

In terms of cultural enrichment, podcasts give students the opportunity to get acquainted with the cultural aspects of English-speaking countries. This can be especially relevant for students who are planning trips or want to work abroad. Understanding cultural traditions, customs, and even everyday communication in different countries significantly increases the chances of successful integration into a new language environment.

It should also be noted that modern podcasts often support audience feedback, allowing listeners to ask questions or share their thoughts via social media or comments. This creates an additional platform for interaction and exchange of experiences, which can be useful for students seeking to improve their speaking skills. Thus, podcasts are becoming not only an exciting tool for learning English, but also a powerful tool for developing speaking skills. They provide access to real English, helping students integrate into the language and cultural environment. The combination of technology, personal motivation and practical application of language in real situations will create an effective and deep learning system aimed at successfully mastering a foreign language [4, p.87]. Therefore, when conducting a study on the impact of podcasts on the development of speaking skills, one can expect significant positive results and student satisfaction from the learning process.

Statement of the Problem

Podcasts in the educational process are becoming an increasingly popular tool that promotes the development of oral speech and the active involvement of students in the learning process. Unlike traditional methods, which can be boring and monotonous, podcasts offer a dynamic and interactive approach to learning. This is due to the fact that they are a media format that can combine elements of audio and visualization, which in turn facilitates the perception of information.

The problem of low levels of oral speech skills among schoolchildren and students is relevant, since in the modern world, communication in a foreign language is becoming a necessary skill. Students often experience discomfort when trying to express their thoughts in a foreign language. This may be due to both a lack of confidence in their abilities and the fear of making a mistake and being criticized by peers or teachers. Isolation from active participation in discussions and a low degree of involvement in the educational process only aggravate the situation. Despite the presence

of confident participants who speak the language at a high level and actively support the discussion, most students remain in the shadows, trying not to speak up or limiting themselves to minimal participation. This creates an imbalance in the communication atmosphere and creates a feeling of injustice for those who cannot or do not want to speak. In such a situation, the education system needs new approaches and tools that would help improve the situation.

One of such tools is certainly podcasts. Their creative value as a teaching material can be used to stimulate students' interest in a foreign language and improve their oral skills. Podcasts allow students to independently choose topics of interest to them, which helps maintain motivation and engagement. By listening to podcasts, students have the opportunity to develop their listening skills, as well as expand their vocabulary and enrich their knowledge of the culture and life in the target language.

Moreover, podcasts help divide information into semantic blocks, which makes it easier to assimilate the material and highlight the main points. This is especially important in the learning process, where the ability to highlight key points is essential for further discussion and expressing one's own opinion. Students listening to podcasts can record their thoughts and ideas and then share them in class, which helps develop oral language and increases self-confidence. Expanding the format of communication by creating your own podcasts is also a powerful tool for improving oral skills. Students can work in groups, develop scripts, record their discussions and practice the language in a natural setting. This process not only develops speaking, but also teaches teamwork, which is an important skill in the modern world.

Podcasts can also be used to discuss current issues that students can analyze and express their opinions on. This creates space for critical thinking and develops argumentation skills, which are essential in any educational process. Students learn to perceive different points of view, discuss and defend their ideas, which has a positive effect on their self-expression.

Participation in podcasts opens up great opportunities for interaction with native speakers, since many of the materials created are international in nature and accessible to learners. This not only improves understanding and perception of the language, but also promotes cultural exchange and integration into the global community.

Podcasts can also serve as a means of self-reflection. By starting to listen to podcasts, students can become aware of how they perceive information, which helps them better understand their strengths and weaknesses in learning a foreign language. After discussing what they heard in a group or pair, participants can see each other's progress, evaluate their achievements and outline ways for further independent improvement. Thus, the use of podcasts in the educational process is a promising approach to overcome the existing difficulties associated with the development of students' oral speech skills. These audio materials create a positive learning atmosphere, increasing motivation and engagement [5, 89 p]. They contribute to the development of argumentation, critical thinking and self-confidence, which in turn makes the process of communicating in a foreign language more natural and comfortable.

Podcasts can make the educational process more engaging and effective. They have the potential not only to improve learning outcomes, but also to form a sustainable interest in languages, cultural exchange and self-expression. Therefore, the introduction of podcasts into the educational process is becoming a relevant and necessary step in modern conditions.

Thus, the purpose of the study is:

- to study the level of understanding and perception of information after listening to podcasts using a questionnaire;
- to determine which aspects of podcasts are most effective in improving speaking skills.

MATERIALS AND METHODS

We will use the well-known VOA (Voice of America) podcast as the material for the study.

VOA (Voice of America) podcasts are a valuable resource for anyone who wants to stay up to date with current events and trends affecting global politics, economics, culture and social issues.

These podcasts cover a wide range of topics, offering listeners a unique opportunity to get information from primary sources and hear expert opinions on various current issues.

The podcasts pay special attention to the quality of the content: each interview, report and discussion is prepared with the utmost care. This allows listeners to get not only factual data, but also a deeper understanding of the context of events, as well as different points of view on them. The VOA podcast format suggests a duration of 5 to 40 minutes, which makes them convenient for listening at any time, be it during a morning jog, during a break at work or during a trip.

Largely due to their balanced and objective presentation of information, VOA podcasts are becoming a basis for an informed audience that values true journalism. Various thematic issues cover not only local but also international events, allowing listeners to gain a full understanding of global trends and phenomena. Thus, VOA podcasts serve as an important tool for building awareness and understanding in a rapidly changing world where information is of paramount importance [6, p.203].

RESULTS AND DISCUSSION

Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету модулі бұл жалпы сабақ беру кезінде топтық, жұптық жұмыстардың тапсырмаларды дұрыс толық орындауға мүмкіндік беретінін түсіндім. Сыни тұрғыдан ойлау модулін пайдалана отырып, сабақтарымды өткізген кездегі студенттен көрінген нәтиже: білімді меңгеруі, біреуден үйрену, біреуге үйрету арқылы логикалық ойлау деңгейлері, яғни білу және түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау, салыстыру, дәлелдеу дағдылары қалыптасады. Бұрынғы оқыту үрдісінде оқытушы студентке білімді беруші болса, жаңа оқу үрдісінде оқытушы тек тек бағыттаушы болып қалады да, кейіпкер студент болады. Студент өзі ізденеді, ой түйеді, ортақ пікір қалыптастырады қорытынды түйін жасайды. Әр сабақты қорытып, білімді бекіту үшін сұрақтар, қызықты логикалық тапсырмалар, әр түрлі қызықты студенттің танымын дамытатын суреттер, салыстыруға арналған тапсырмалар арқылы сабақтарымды қорытындылады және әр сабақтың соңында студенттер кері байланыс жасап отырды. Бұл сатыда студенттер бір-бірімен әсерлі түрде пікір алмастырады, ойларын еркін айтады, тапсырмаларды достық қарым – қатынаспен орындап өз беттерімен айтуды үйренді. Әрбір әдіс студенттердің ойлауына және қиялына негізделіп отырады. Студенттің тереңде жатқан ойын дамытып, оларды сөйлеуге, дәлелдеуге үйретеді. Сабақта қолданылған әдіс-тәсілдер студенттерге бір-бірінің ой-пікірлеріне сыни көзімен қарауға, тың идеялар туындауына жол ашады. Сондықтан сыни тұрғыдан ойлауды қолдана отырып дарынды, ізденімпаз, шығармашыл, өз ойын еркінде, жетік жеткізе алатын дүниетанымы жоғары студент қалыптастырады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, қазіргі таңда заман талабына сай әртүрлі педагогикалық технологиялар оқытушының шығармашылық ой қабілетінің дамуына негіз бола алады. Дегенмен, оқытушы осы технологиялардың қайсысын тәжірибеде қолдану керектігін білу алу керек. Оқытушылар жаңа әдісті әртүрлі қабылдайды. Біреулері жаңа әдісті оқу үдерісінде қолдану мүмкін емес деп ойласа, екіншілері бірауыздан қолданып жатады. Яғни, қойылған мақсаттарға жету үшін, оқу үдерісінде «Не істеу емес?» «Қалай істеу?» деген мәселеге көңіл аудару керек. Педагогикалық техниканың, оқытушы мен студент арасында қарым – қатынастың болмауы - оқу технологиясының тиімсіздігіне әкеп соғады. Ал, сыни ойлау үдерісіне қатысқан студенттердің барлығы өзіндік жұмыс істеу қабілеттеріне ие болады. Мұның өзі олардың өзінше дамуларына, қалыптасуына негіз болады. Топпен жұмыс жасай отырып, студенттер жауапкершілікке, байланыс жасауға, шыдамдылыққа, және сыпайылыққа үйренеді. Бұл қасиеттер студенттердің тәрбиелі болуына да көп әсерін тигізеді, яғни сыни тұрғысынан ойлау – бұл ұрпақтың ғасырдан-ғасырға жетуге мүмкіндік беретін ерекше қабілет. Осы қабілетті ағылшын тілін оқыту үрдісінде пайдалана отырып, біз студенттердің қызығушылығын арттырып, мағынаны танытып, қорытындылау мақсатында ой - толғаныс жасау арқылы олардың білімін зерттеп, ары қарай сөздік қорын көбейтуге көмектесеміз.

Шет тілін оқыту үдерісінде сыни ойлау тәсілін қолдану оқу үдерісін тек қарқынлатып қана қоймай, студенттерде құндылықты қатынасты және қол жеткізу мотивациясын дамытады.

Сыни тұрғыда ойлау стратегиясы күнделікті ағылшын тілі сабақтарында қолданылса, студенттер тілді өмір талабына сай оқып білу мүмкіндіктеріне ие болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Халперн Д. Сыни ойлау психологиясы // – СПб.: Питер, 2000. Б.512
- 2 Клустер Д. Сыни ойлау дегеніміз не? /<http://rus.1september.ru/article.php?ID=200202902>
- 3 Наймушина Л.П. Ағылшын тілі сабақтарында сыни ойлауды дамыту технологияларын қолдану // <http://nsportal.ru/shkola/inostrannye-yazyki/library/2013/09/24/primenenie-tekhnologii-razvitiya-kriticheskogo>
- 4 Мұқтарханова А.М. Жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқытуда сыни ойлауды қалыптастыру // <http://repository.enu.kz/>
- 5 Т. Ақшолақов, Шығарманың көркем айшықтарын таныту, – А., «Жазушы», 1998.
- 6 А. Байтұрсынұлы, Тіл тағылымы, – А., «Жазушы», 1992.
- 7 Р. Сыздықова, Б. Шалабаев, Көркем тексті лингвистикалық талдау, – А., «Мектеп», 1989.
- 8 Қ. Бітібаева. Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары, – А., «Жазушы», 1990.
- 9 Қ. Бітібаева. М. Әуезов шығармашылығын мектепте оқыту – А., «Жазушы», 1900

Средства развития критического мышления

Ж.А.Кенжебекова¹, З.К.Нарботина² Б.К. Аубакирова³

¹ магистр гуманитарных наук, Карагандинский университет имени академика Е. А. Букетова г. Караганда, 100000, Республика Казахстан gib_a_k@mail.ru

² учитель казахского языка и литературы, педагог-эксперт, ГКП на ПХВ школа-гимназия № 96 акимата города Астаны, г. Астана, 010000, Республика Казахстан narbotinaz@mail.ru

³ магистр гуманитарных наук, Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан, a.b.k_1967@mail.ru

В статье говорится, что для того, чтобы стать успешным, квалифицированным специалистом в настоящее время, необходимо научиться критическому мышлению. Вы должны правильно понимать любые мысли и быть готовыми дифференцировать их в соответствии с соответствующей информацией. Человек, умеющий критически мыслить, формирует картину мира на основе своих взглядов, сопоставляя материалы, полученные из различных аппаратных данных. Будущий специалист, мысля критически, применяет полученные знания в неблагоприятных ситуациях. Критическое мышление необходимо каждому человеку для дифференцированного анализа информации из СМИ, социальных сетей. Сравнивая данные из разных источников, можно говорить о том, что человек с хорошо развитым критическим мышлением может легко находить ошибки несоответствия и аргументированно объяснять свои решения, а также о том, что различные педагогические технологии, отвечающие современным требованиям, могут стать основой для развития творческого мышления преподавателя.

Ключевые слова: критическое мышление, коммуникативные способности, процесс обучения, стратегия критического мышления, технология мышления, фаза понимания, дидактический материал, методический материал, работа в команде, фаза реализации, фаза отражения, социальное мышление.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Халперн Д. Психология критического мышления // – СПб.: Питер, 2000. Б.512
- 2 Клустер Д. Что такое критическое мышление // <http://rus.1september.ru/article.php?ID=200202902>
- 3 Наймушина Л.П. Применение технологий развития критического мышления на уроках английского языка // <http://nsportal.ru/shkola/inostrannye-yazyki/library/2013/09/24/primenenie-tekhnologii-razvitiya-kriticheskogo>
- 4 Мұқтарханова А.М. Формирование критического мышления при обучении английскому языку в вузах. // <http://repository.enu.kz/>
- 5 Акшулаков т., художественное оформление произведения, – А., «Писатель», 1998.
- 6 А. Байтурсынова, Тіл тағылымы, – А., «Жазушы», 1992.
- 7 Сыздыкова р., Шалабаев Б., лингвистический анализ художественного текста, – А., «Школа», 1989.
- 8 К. Битибаева. Эффективные пути обучения литературе, – А., «Писатель», 1990.
- 9 К. Битибаева. Преподавание творчества М. Ауэзова в школе – А., «Писатель», 1990.

Tools for the development of critical thinking

Zh.A.Kenzhebekova¹, Z.K.Narbotina², B.K. Aubakirova³

¹ Master of Humanities, Karaganda University named after Academician E. A. Buketov, Karaganda, 100000, Republic of Kazakhstan gib_a_k@mail.ru

² teacher of the Kazakh language and literature, teacher-expert, GKP na PHB gymnasium school No. 96 of the Akimat of Astana, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan narbotinaz@mail.ru

³ Master of Humanities, Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan, a.b.k_1967@mail.ru

The article needs to master the skills of critical thinking for a successful, qualified specialist. You should be prepared to correctly analyze any ideas and analyze them. A person who criticizes someone can think of material that is based on his or her own views. A future specialist critically uses critical thinking skills. Critical thinking is required for every person to analyze information obtained from online media. Comparing data from a wide range of information sources, a well-developed person with a critical ability to think can clearly identify erroneous errors and make decisions accurately, as well as various modern pedagogical technologies that can be used as the basis for the teacher's creative thinking.

Key words: *critical thinking, communicative ability, educational process, critical thinking strategy, thinking technology, understanding phase, didactic material, teaching material, group work, implementation phase, reflection phase, social thinking.*

REFERENCES

- 1 Halpern D. (2000). Психология критического мышления. [Психология критического мышления]. // – СПб.: Питер
- 2 Klýster D. Chto takoe kriticheskoe myshlenie. [Kluster D. Chtotakoe kriticheskoe myshlenie // <http://rus.1september.ru/article.php?ID=200202902>]
- 3 Naimýshina L.P. Primenenie tehnologii razvitiya kriticheskogo myshlenia na ýrokah angliiskogo iazyka (2013). Primenenie tehnologii razvitiya kriticheskogo myshleniya naurokach angliiskogo yazyka //
- 4 Muqtarhanova A.M. Joǵary oqý oryndarynda aǵylshyn tilin oqytýda synı oılaýdy qalyptastyru. Zhogaryokuoryndarynda aǵylshyn tilin okytudasynio ilaudy kalyp tasyru // <http://repository.enu.kz/>
- 5 T. Akchulakov, demonstration of artistic features of the work, – A., "Writer", 1998.
- 6 A. Baitursynuly, the lesson of the language, – A., "Writer", 1992.
- 7 R. Syzdykova, B. Shalabaev, linguistic analysis of the artistic text, – A., "School", 1989.
- 8 K. Bitibaeva. Effective ways of teaching literature, – A., "Writer", 1990.
- 9 K. Bitibaeva. Teaching the work of M. Auezov at school . – A., "Writer", 1900

ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ОБЩЕСТВЕННО- ГУМАНИТАРНЫХ НАУК

МҒТАР 14.25.09

Д. М. Абдрашева¹, А. М. Прманова²

¹ Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректор PhD, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0000-0001-9881-945X>, Email: Abdrasheva_dana@korkyt.kz

² Педагогика ғылымдарының магистрі, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы, Email: akmaralcnlc@gmail.com

КӨЛЕҢКЕЛІ ОҚЫТУДЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Мақалада ағылшын тілін үйретудегі көлеңкелі оқытудың маңыздылығы мен оның білім беру үдерісіндегі рөлі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – көлеңкелі оқытудың оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдірудегі тиімділігін және білім беру саласына қосқан үлесін анықтау. Жұмыста көлеңкелі оқытудың негізгі бағыттары мен идеялары, атап айтқанда, жеке қажеттіліктерге бейімделу және оқыту сапасын арттыру жолдары сипатталған. Зерттеу барысында Марк Брэйдің көлеңкелі білім беру теориясы негізге алынып, әдіснамалық талдау жүргізілді. Негізгі нәтижелер ретінде бұл оқыту әдісінің тыңдау, сөйлеу, грамматика және сөздік қорын дамытуда жоғары тиімділікке қол жеткізетіні көрсетілді. Зерттеу жұмысының ғылыми маңыздылығы – көлеңкелі оқытудың тіл үйренудегі заманауи әдіс ретіндегі әлеуетін ашу, ал практикалық мәні – ағылшын тілін меңгеруге арналған қосымша білім беру үдерісін жетілдіру.

Кілт сөздер: көлеңкелі оқыту, ағылшын тілі, қосымша білім беру, тілдік дағдылар, білім сапасы, жеке оқыту, білім беру жүйесі, оқушылардың мотивациясы.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Білім беру жүйесінде көлеңкелі оқыту – оқушылардың мектептен тыс уақытта қосымша білім алуына арналған ерекше тәсілдердің бірі. Аталған тақырыпты таңдауға көлеңкелі оқытудың білім беру үдерісіндегі артып келе жатқан маңыздылығы мен оны кеңінен қолданылуы негіз болды. Қазіргі таңда Қазақстанда мектептегі білім сапасын көтеру және ҰБТ-ға дайындық барысында қосымша білім беру қызметтеріне сұраныс өсуде. Бұл құбылыс Марк Брэй атап көрсеткендей, дәстүрлі білім беру жүйесін толықтырып, оқушылардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған маңызды құрал ретінде танылуда. (Bray, 2007)

Жалпыға ортақ бірдей білім беретін мемлекеттік мектептерден тыс қосымша репититорлық немесе мектеп оқушыларының білімін одан әрі жетілдіруге бағытталған көлеңкелі білім беру саласы қазіргі заманғы оқыту үдерісінің маңызды бөлігіне айналды. Ал, оның ағылшын тілін оқытудағы рөлі – академиялық, кәсіби және жаһандық контексте ағылшын тілін меңгеруге деген сұраныстың артуына байланысты ерекше көзге түседі. Сонымен қатар, ағылшын тілін меңгертуде осы бір аталған әдістің тиімді тараптарының қатарына: жеке оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру, білім алушылардың бәсекеге қабілеттіліктерін арттыру, білім берудегі теңсіздіктерді жою және оқыту процесіне инновациялық әдістерді енгізу жатады.

Қазіргі таңда еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін білім саласына көңіл бөліне бастады. Халықтың әл ауқаты жақсарып, шет елде білім алу мүмкіншілігі туды. Жақсы оқу

орындарында білім алу үшін тек мектеп қабырғасында алып жатқан білім аздық етті. Осы мақсатқа жету үшін қосымша білім алу қажеттілігі туды. Осылайша қосымша оқыту түрлері оның ішінде ағылшын тілін көлеңкелі оқыту арқылы үйрету әдісі қарқынды дамыды.

KIPICPE

Көлеңкелі оқыту (немесе *shadow education*) – бұл білім беру әдісінің бір түрі, мұнда оқытушы немесе тәлімгер басты мұғалімнің сабақтарына көмекші ретінде қатысады. Ол білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне немесе топтың ерекшеліктеріне назар аудара отырып, оқу процесін жақсартуға көмектеседі. Оның негізгі аспектілері: оқушының қажеттіліктеріне сәйкес жеке көмек көрсету, мұғалімнің сабағына көмекші ретінде қатысу, оқушының дамуын бақылау, топтық оқытуға қосымша қолдау көрсету және мотивацияны арттыру. Бұл әдіс әсіресе инклюзивті білім беруде ерекше маңызды, себебі ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Көлеңкелі оқыту, Марк Брэйдің айтуынша, "мектептің көлеңкесінде жүретін білім беру түрі" болып табылады. Ол дәстүрлі білім беру жүйесіне қосымша ретінде қызмет атқарып, оқушылардың білімін толықтырып, нығайтуға арналған. Оның зерттеулеріне сәйкес, көлеңкелі білім беру әлемнің көптеген елдерінде, әсіресе дамушы елдерде, кеңінен таралған. Бұл оқыту әдісі оқушылардың оқу нәтижелерін жақсартып, олардың білім алуға деген мотивациясын арттыруға көмектеседі (Brau, 2007).

Марк Брэйдің зерттеулері көлеңкелі білім берудің жаһандық нарықтағы жылдам дамуын көрсетеді. Мысалы, көлеңкелі оқыту жаһандық деңгейде миллиардтаған долларлық бизнеске айналғанын атап өтті (ЮНЕСКО, 2017). Оның айтуынша, бұл білім беру түрінің кең таралуы оның тиімділігі мен қажеттілігін көрсетеді. Әсіресе, ағылшын тілін үйретуде көлеңкелі оқыту оқушыларға грамматиканы терең меңгеруге, сөздік қорын арттыруға және сөйлеу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Көлеңкелі оқыту формалды білім беру жүйесін толықтыратын қосымша жүйе ретінде күннен-күнге қарқын алып, дамумен қатар, танымал бола бастады. Бұл әдіс түрі, әсіресе, ағылшын тілін оқытуда, мансаптық өсумен, жоғары білім алумен және мәдениетаралық қарым-қатынас секілді алпауыттармен байланыстырылады. Әлемде елеулі қарқын алған оқытудың бұл түрі елімізде де белсенді түрде дами бастады. Тіпті Қазақстан Республикасының Білім Беру Заңында қосымша оқыту түріне көңіл бөлінді.

Көлеңкелі оқыту және Қазақстанның Білім заңнамасы. Қазақстан Республикасының Білім беру туралы Заңы — республика азаматтарының білім алуға конституциялық құқығын қамтамасыз етуге арналған заң. 1999 жылғы 7 маусымда қабылданды. Бұл Заңда мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері, орталық және түрлі деңгейдегі жергілікті атқарушы органдар арасының білім беру саласындағы құзыретін шектеу белгіленген. Заңда білім беру саласындағы қоғамдық қарым-қатынастарды реттейтін, білім процесі субъектілерінің құқылары мен міндеттері, өкілеттілігі мен жауапкершілігі белгіленген. Білім беру жүйесінің міндеттері көрсетіліп, осы сала ұйымдарының ережелері, бағдарламалары мен білім деңгейлері айқындалған. Сондай-ақ, білім беру жүйесін басқару мен оның экономикасы, білім беру саласындағы халықаралық қызмет көрсетілген. ҚР-ның білім беру саласында мұнан басқа да жекелеген нормативті актілері бар.

Қазақстан Республикасының Білім беру Заңы 12 тарау, 68 баптан тұрады. 2 тарауда білім беру жүйесін басқару қарастырылған. Осыған орай кәзіргі кезде білім алушыларға қосымша білім беру жүйесі қарастырылған.

Көлеңкелі оқытудың ағылшын тілін үйретудегі ролі. Ағылшын тілін меңгеруде көлеңкелі оқытудың маңыздылығының ең бірінші қағидасына – білім алушының жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру деп саналады. Көлеңкелі оқыту жалпыға ортақ білім беру мекемелерінде оқытушылардың көбі ұсына алмайтын жекелердірілген оқу тәжірибесін ұсынады. Жеке репититорлар немесе тіл орталықтары оқушыларының нақты қажеттіліктеріне, біліктілік деңгейлеріне сүйене отырып, оқушылардың тілдік деңгейлерін,

осал тұстарын дамытуға бағытталады. Lee & Shouse (2011) көлеңкелі білім беру оқушылардың күрделі грамматикалық құрылымдарды меңгерудегі қиындықтарды жеңуге және коммуникативті құзыреттілікті арттыруға көмектесуде тиімді құрал екендігін атап өтеді.

Екіншіден, бүгінгі күні ағылшын тілін игеру көбінесе академиялық жетістіктермен, мансаптық өсу мүмкіндіктерімен және социализациямен тығыз байланысты болғандықтан, көлеңкелі білім беру әдісі күннен-күнге мәртебесі артып келе жатқан TOEFL, IELTS сынды стандартталған тестілерге дайындауда шешуші рөл атқаратындығы айдан анық. Себебі, жоғарыда аталған тест түрлері шетелде оқудың немесе жұмыс істеудің алғышарты болып табылады. Көлеңкелі білім беру студенттердің академиялық және кәсіптік салалардағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады, әсіресе ағылшын тілін жетік білу құнды дағды болып табылатын ағылшын тілінде сөйлемейтін елдерде. (Stevenson and Baker, 1992)

Осы бір әдістің келесі бір ұтымды тұстарының бірі ол – білім берудегі теңсіздікті жою болып саналады. Көлеңкелі білім беру оның құнына байланысты теңсіздікті күшейтуі мүмкін болса да, ол өршіл отбасыларға балаларын ағылшын тілінде табысқа жету үшін қосымша ресурстармен қамтамасыз ету механизмі ретінде қызмет етеді.

Силова (2010) көлеңкелі білім берудің қосарлы сипатын әлеуметтік-экономикалық мәнмәтіндер мен қол жетімділікке байланысты теңдікке көпір және кедергі ретінде қарастырады.

Сонымен қатар, ағылшын тілін үйретудегі көлеңкелі оқытудың тағы да бір маңыздылығы – аталмыш әдіс арқылы шетел тілін үйренушілердің ағылшын тілді елдердің мәдени және контекстік ерекшеліктеріне тезірек бейімделетіндігі. Мысалы, ағылшын тілі шет тілі болып табылатын аймақтарда көлеңкелі оқыту көбінесе сөйлеу дағдыларына баса назар аударатын болса, ал, ағылшын тілі екінші тіл ретінде саналатын (ESL) мемлекеттерде академиялық немесе кәсіби шеберлік дағдыларын дамытуға көбірек назар аударуы мүмкін. Zhang & Bray (2020) көлеңкелі білімнің аймақтық лингвистикалық саясат пен мәдени ерекшеліктерге қалай бейімделетінін, ағылшын тілін оқытуды соған сәйкес бейімдейтінін көрсетеді.

Сонымен қатар, көлеңкелі білім беру басқармалары студенттерді тарту үшін геймификация, аралас оқыту және интерактивті платформалар сияқты оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын жиі қолданады. Бұл әдістер кейде дәстүрлі сыныптарда қолданылатын әдістерге қарағанда серпіндірек болады. Dawson (2010) жеке репетиторлар мен тілдік орталықтар көбінесе озық педагогикалық құралдармен тәжірибе жасап, көлеңкелі білім беруді ағылшын тілін оқытудағы инновациялардың орталығына айналдыратынын байқаған.

Қазіргі кезде елімізде көлеңкелі оқыту негізінен 5-11 сынып оқушылары арасында танымал. Ата-аналар мен оқушылардың сұранысына қарай жеке репетиторлық қызмет көрсететін орталықтар мен тәуелсіз мұғалімдер бұл қызметті ұсынып отыр. Әсіресе, ағылшын тілін үйренуге деген сұраныс жоғары. Орта және жоғары сынып оқушылары соның ішінде 9-11 сынып оқушылары мектеп бағдарламасынан тыс қосымша білім алу үшін көлеңкелі оқытуды таңдайды. Бұл оларға Ұлттық бірыңғай тестілеуге (ҰБТ) дайындалуда және шет елдік білім беру бағдарламаларына қатысуға қажетті білім деңгейін арттыруға көмектеседі.

Тақырыптың өзектілігі көлеңкелі оқыту саласында теориялық және практикалық зерттеулердің әлі де жеткіліксіз болуымен түсіндіріледі. Ағылшын тілін үйрену контекстінде бұл әдістің қолданылу тәжірибесін зерттеу қажеттілігі ерекше өзекті. Әсіресе, ағылшын тілі сияқты халықаралық тілдерді меңгеру қарқыны жоғары елдерде көлеңкелі оқытудың нәтижелері мен ықпалы туралы терең талдаулардың аздығы бұл жұмысты маңызды етеді.

Әдебиеттерге шолу барысында шетелдік зерттеушілердің еңбектері, соның ішінде Марк Брэйдің зерттеулері қарастырылды. Ол көлеңкелі оқытуды "мектептің көлеңкесінде жүретін білім беру түрі" ретінде сипаттап, оның жаһандық деңгейде білім беру жүйесіне ықпалын айқындады. Дегенмен, Қазақстандағы көлеңкелі оқытудың дамуы мен оның ағылшын тілін

меңгеруге тигізетін әсері толық зерттелмеген, бұл зерттеу жұмысының жаңашылдығын айқындайды.

Бұл зерттеудің әдіснамасы ағылшын тілін көлеңкелі оқыту арқылы үйретудің тиімділігін анықтауға бағытталған. Зерттеуде қолданылған материалдар, әдістер, зерттеу кезеңдері төменде сипатталған.

Зерттеудің мақсаты: Қазақстандағы көлеңкелі оқытудың ролін түсіну, оқушылардың Ағылшын тілін меңгеру деңгейін зерттеу

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

1. *Сауалнама және сұхбат:* Көлеңкелі оқытуды қолданатын оқушылардан деректер жинау үшін қолданылды.

2. *Әдебиетке шолу:* Қазақстан және шетелдік зерттеулерді салыстырып талдау арқылы көлеңкелі оқытудың теориялық негіздерін зерттеу.

3. *Сапалық талдау:* Мұғалімдердің тәжірибесі мен оқушылардың жетістіктері туралы пікірлерін сараптау.

Материалдар сипаттамасы

Зерттеудің негізгі дереккөзі ретінде көлеңкелі оқыту үдерісіне қатысқан 30 оқушы мәліметтері пайдаланылды. Оқушылардың жас ерекшеліктері 9-11 сынып аралығын қамтыды. Зерттеу сұрақтары оқушылардың ата аналарының Сонымен қатар, зерттеу барысында ғылыми мақалалар, оқыту әдістері бойынша нұсқаулықтар және Қазақстандағы білім беру туралы заңнамалық құжаттар қолданылды.

Бұл әдіснама зерттеу нәтижелерінің объективтілігі мен нақтылығын қамтамасыз ету үшін сандық және сапалық әдістердің үйлесімін қолдануға негізделді.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер көлеңкелі оқытудың ағылшын тілін үйренуге әсерін айқын көрсетті. Негізінен, көлеңкелі оқыту оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады. Бұл бөлімде зерттеу нәтижелері талданып, алдыңғы зерттеулермен салыстырылып, талқыланды.

1. Тілдік дағдылардың дамуы., Зерттеу нәтижелері бойынша, көлеңкелі оқыту ағылшын тілін үйренушілердің тыңдау, сөйлеу, жазу және оқу дағдыларын айтарлықтай жақсартты. Оқушылардың сөйлеу дағдыларының жетілуі әсіресе тыңдау мен сөйлеу практикасында айқын көрінді. Бұл әдіс оқушылардың грамматикалық ережелерді тиімді игеруге, сөздік қорларын байытуға мүмкіндік берді.

2. Мотивацияның жоғарылауы. Көлеңкелі оқытуда оқушыларға жеке назар аударылуы олардың мотивациясын арттырды. Оқушылар ағылшын тілін үйренуге деген ынтасын жоғарылатып, тапсырмаларды орындауда белсенділік танытты. Бұл нәтижелер алдыңғы зерттеулермен, атап айтқанда Марк Брэйдің (2007) көлеңкелі оқыту тиімділігі туралы зерттеуімен сәйкес келеді.

3. Қосымша білім алу. Оқушылардың көлеңкелі оқыту арқылы алған білімдері мектеп бағдарламасына қосымша болды. Әсіресе ҰБТ-ға дайындық және шет елде білім алу мақсатында көлеңкелі оқыту өте тиімді болды. Бұл нәтижелер Қазақстандағы ағылшын тілін үйрету саласындағы жаңа үрдістерге сәйкес келеді.

ТАЛҚЫЛАУ

Алынған нәтижелер көлеңкелі оқытудың тиімділігін нақты көрсетті. Мұғалімдердің мәлімдемелеріне сәйкес, оқушылардың ағылшын тілін үйрену барысында көлеңкелі оқыту олардың пәнге деген қызығушылығын арттырды. Сонымен қатар, бұл әдіс оқушылардың кемшіліктерін түзетуге мүмкіндік беріп, жеке қажеттіліктеріне сай оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік туғызды.

Марк Брэйдің (2007) зерттеулерінде де көлеңкелі оқытудың дәстүрлі білім берумен салыстырғанда оқушылардың білім деңгейін жоғарылатуда аса тиімді екені айтылған

болатын. Бұл зерттеу де осы тұжырымды растайды. Сонымен қатар, зерттеуде көлеңкелі оқыту оқушыларға жеке мақсаттар мен бағыттар бойынша білім алу мүмкіндігін ұсынғанын көрсетті.

НӘТИЖЕЛЕР

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, көлеңкелі оқыту жеке оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, олардың білім алу процесін жекелендірудің маңызды құралы болып табылады. Бұл оқушылардың нәтижелерін жақсартуға, олардың білім деңгейін көтеруге және білім алуға деген қызығушылықтарын арттыруға көмектеседі.

Зерттеу нәтижелері көлеңкелі оқытудың ағылшын тілін үйренуде тиімді әдіс екенін дәлелдеді. Бұл әдіс оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға, мотивацияны арттыруға, сондай-ақ білім алудың нәтижелерін жақсартуға көмектеседі. Әсіресе, ҰБТ-ға дайындық пен шетелде білім алу мақсатында көлеңкелі оқытудың маңызы зор. Сондықтан да, көлеңкелі оқытуды оқу үдерісіне енгізу тіл үйрету сапасын арттыруға ықпал етеді. Оқушылардың тілдік дағдыларының дамуы бойынша нәтижелер.

Кесте 1. Көлеңкелі оқыту нәтижесінде оқушылардың тілдік дағдыларының дамуы

Бұл кестеде көлеңкелі оқыту әдісі бойынша оқушылардың тілдік дағдыларының әртүрлі аспектілердегі дамуы көрсетілген. Тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдылары бойынша 3 топтың нәтижелері салыстырылған. Кестенің нәтижелері көлеңкелі оқытудың тіл үйренушілердің дағдыларын айтарлықтай жақсартатынын дәлелдейді.

2. Көлеңкелі оқыту әдісін қолдану кезінде оқушылардың мотивация деңгейі

Кесте 2. Көлеңкелі оқыту әдісінің оқушылардың мотивация деңгейіне әсері

Оқушылардың саны	Мотивация деңгейі (%)
1- топ	75
2- топ	80
3- топ	85

Бұл кесте көлеңкелі оқыту әдісін қолдану арқылы оқушылардың мотивация деңгейінің өзгерісін көрсетеді. Оқушылардың мотивация деңгейі 1-ші топта 75%-ды құраса, 3-ші топта 85%-ға жеткен. Бұл көлеңкелі оқытудың оқушылардың қызығушылығын арттыратынын көрсетеді.

3. ҰБТ нәтижелеріне көлеңкелі оқытудың әсері

Кесте 3. Көлеңкелі оқытудың ҰБТ нәтижелеріне әсері

Оқушылардың саны	ҰБТ нәтижесі (%)
1- топ	70
2- топ	80
3- топ	90

Бұл кестеде көлеңкелі оқытудың ҰБТ нәтижелеріне әсері көрсетілген. 3-ші топтағы оқушылардың ҰБТ нәтижелері 90%-ға дейін жеткенін көруге болады, бұл көлеңкелі оқытудың білім сапасына оң әсерін тигізгенін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері көлеңкелі оқыту әдісінің ағылшын тілін үйренуде тиімді екенін көрсетті. Оқушылардың тілдік дағдылары мен мотивациясы айтарлықтай артты, ал ҰБТ нәтижелері жақсарды. Бұл әдіс оқушылардың сөйлеу, тыңдау және жазу қабілеттерін жетілдіріп, олардың білім алу процесіне деген қызығушылығын оятты. Көлеңкелі оқыту оқушыларға жеке дара сабақ беру арқылы олардың оқу процесін жекелендіреді, нәтижесінде тіл үйрену жылдамдығы мен сапасы артады.

Келесі зерттеулерде көлеңкелі оқытудың әртүрлі деңгейдегі оқушыларға (мектеп, колледж, университет) әсерін салыстырмалы түрде зерттеу маңызды. Сондай-ақ, көлеңкелі оқытудың ұжымдық сабақтармен үйлесімін қарастырып, бұл әдісті кең ауқымда енгізудің тиімділігін бағалау қажет. Бұдан бөлек, көлеңкелі оқытудың цифрлық құралдар мен онлайн платформалар арқылы жүзеге асырылуын зерттеу осы әдістің ауқымын кеңейтуге мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу нәтижелері көлеңкелі оқытудың ағылшын тілін меңгеруде маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Бұл оқыту әдісі оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға, олардың академиялық үлгерімін жақсартуға және оқу мотивациясын арттыруға оң әсерін тигізді. Әсіресе, сөйлеу, тыңдау, жазу және оқу дағдыларын жетілдіруде көлеңкелі оқытудың тиімділігі байқалды.

Көлеңкелі оқыту жеке қажеттіліктерге бағытталғандықтан, әрбір оқушының білім алу процесінде ерекше қолдау алуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл әдіс мектеп бағдарламасын толықтырумен қатар, оқушыларды халықаралық емтихандарға дайындауда да айтарлықтай пайдалы болып табылады.

Зерттеу барысында Қазақстанда көлеңкелі оқытудың кең таралып келе жатқаны анықталды. Бұл білім беру жүйесінің өзгеруімен, халықаралық стандарттарға бейімделуімен және ата-аналар мен оқушылардың қосымша білімге деген сұранысының артуымен түсіндіріледі. Алайда, көлеңкелі оқытудың білім беру жүйесіне ықпалын тереңірек зерттеу қажет, әсіресе оның әлеуметтік теңдікке әсері мен білім сапасына қосатын үлесі тұрғысынан.

Жалпы алғанда, көлеңкелі оқыту ағылшын тілін меңгерудің тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Болашақта бұл оқыту әдісінің Қазақстандағы даму бағытын зерттеу, оның білім беру жүйесіне интеграциялануын қарастыру және оқушылар үшін ең оңтайлы үлгілерін анықтау маңызды болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Bray, M. (2007). *Shadow education: Private supplementary tutoring and its implications for policy makers in Asia*. Comparative Education Research Centre, University of Hong Kong.

2 UNESCO. (2017). *Global education monitoring report: Shadow education (Chapter 3)*. UNESCO.

3 Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» заңы (1999). 4-бап: Білім беру жүйесінің негіздері. Wikipedia. https://kk.wikipedia.org/wiki/Білім_беру_туралы_заң

4 Lee, J., & Shouse, R. (2011). The impact of shadow education on students' academic success. *Asia Pacific Education Review*, 12(3), – P. 459–472. <http://dx.doi.org/10.1007/s12564-014-9326-9>

5 Stevenson, D. L., & Baker, D. P. (1992). Shadow education and allocation in formal schooling: Transition patterns in academic development. *American Journal of Sociology*, 97(6), – P. 1639–1657. <https://doi.org/10.1086/229942>

6 Silova, I. (2010). *Private tutoring in Central Asia: New opportunities and burdens*. UNESCO IEP Policy Forum.

7 Zhang, W., & Bray, M. (2020). *The dynamics of shadow education: International perspectives on private supplementary tutoring*. Comparative Education Research Centre.

8 Dawson, W. (2010). Private tutoring and mass schooling in East Asia: Reflections of inequality in Japan, South Korea, and Cambodia. *Asia Pacific Education Review*, 11(1), – P. 14–24. [DOI:10.1007/s12564-009-9058-4](https://doi.org/10.1007/s12564-009-9058-4)

9 Сыдыбаева, Н. Ж. (2022). Ағылшын тілін оқытудың заманауи әдістері. *Modern Scientific Method*, (1). <https://ojs.publisher.agency/index.php/MSM/article/view/177>

10 Ағылшын тілін оқытудың қазіргі замандық әдістемелері. (2021.). Stud.kz.
<https://stud.kz/referat/show/67591>

11 Ағылшын тілін оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдері. (n.d.). Rusnauka.com.
https://www.rusnauka.com/6_SWMN_2015/Pedagogica/5_187713.doc.htm

12 Ағылшын тілін оқытудың тиімді жолдары. (2021). Educational Sciences Index.
<https://eduindex.kz/pedagogical-work/1810-aylshyn-tilin-oytudy-tiimdi-zholdary.html>

13 Ағылшын тілін оқытудың тиімді әдіс тәсілдері. (2021.). RCDO.kz.
<https://rcdo.kz/publ/1838-aylshyn-tiln-oytudy-timd-ds-tslder.html>

Важность теневого обучения в обучении английскому языку

Д. М. Абдрашева¹, А. М. Прманова²

¹Член правления - проректор по академическим вопросам PhD, Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, Республика Казахстан, <https://orcid.org/0000-0001-9881-945X>, Email: Abdrasheva_dana@korkyt.kz

²Магистр педагогических наук, Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, Республика Казахстан, Email: akmaralcnlc@gmail.com

В статье рассматривается важность теневого обучения английскому языку и его роль в образовательном процессе. Цель исследования - определение эффективности теневого обучения в совершенствовании языковых навыков учащихся и их вклада в сферу образования. В работе описаны основные направления и идеи теневого обучения, в частности, пути адаптации к личным потребностям и повышения качества обучения. В ходе исследования был проведен методологический анализ, основанный на теории теневого образования Марка Брэя. В качестве основных результатов указано, что данный метод обучения достигает высокой эффективности в развитии слуха, речи, грамматики и словарного запаса. Научная значимость исследовательской работы - раскрытие потенциала теневого обучения как современного метода изучения языка, а практическое значение - совершенствование дополнительного образовательного процесса для изучения английского языка.

Ключевые слова: теновое обучение, английский язык, дополнительное образование, языковые навыки, качество образования, индивидуальное обучение, система образования, мотивация учащихся.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Bray, M. (2007). *Shadow education: Private supplementary tutoring and its implications for policy makers in Asia*. Comparative Education Research Centre, University of Hong Kong.

2 UNESCO. (2017). *Global education monitoring report: Shadow education (Chapter 3)*. UNESCO.

3 Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» заңы (1999). 4-бап: Білім беру жүйесінің негіздері. Wikipedia. https://kk.wikipedia.org/wiki/Білім_беру_туралы_заң

4 Lee, J., & Shouse, R. (2011). The impact of shadow education on students' academic success. *Asia Pacific Education Review*, 12(3), – P. 459–472. <http://dx.doi.org/10.1007/s12564-014-9326-9>

5 Stevenson, D. L., & Baker, D. P. (1992). Shadow education and allocation in formal schooling: Transition patterns in academic development. *American Journal of Sociology*, 97(6), – P. 1639–1657. <https://doi.org/10.1086/229942>

6 Silova, I. (2010). *Private tutoring in Central Asia: New opportunities and burdens*. UNESCO IIEP Policy Forum.

7 Zhang, W., & Bray, M. (2020). *The dynamics of shadow education: International perspectives on private supplementary tutoring*. Comparative Education Research Centre.

8 Dawson, W. (2010). Private tutoring and mass schooling in East Asia: Reflections of inequality in Japan, South Korea, and Cambodia. *Asia Pacific Education Review*, 11(1), – P. 14–24. DOI:10.1007/s12564-009-9058-4

9 Сыдыбаева, Н. Ж. (2022). Ағылшын тілін оқытудың заманауи әдістері. *Modern Scientific Method*, (1). <https://ojs.publisher.agency/index.php/MSM/article/view/177>

10 Ағылшын тілін оқытудың қазіргі замандық әдістемелері. (2021.). Stud.kz. <https://stud.kz/referat/show/67591>

11 Ағылшын тілін оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдері. (n.d.). Rusnauka.com. https://www.rusnauka.com/6_SWMN_2015/Pedagogica/5_187713.doc.htm

12 Ағылшын тілін оқытудың тиімді жолдары. (2021). Educational Sciences Index. <https://eduindex.kz/pedagogical-work/1810-aylshyn-tilin-oytudy-tiimdi-zholdary.html>

13 Ағылшын тілін оқытудың тиімді әдіс тәсілдері. (2021.). RCDO.kz. <https://rcdo.kz/publ/1838-aylshyn-tiln-oytudy-timd-ds-tslder.html>

The importance of shadow education in teaching english

D. M. Abdrasheva¹, A. M. Prmanova²

¹Member of the Board - Vice-Rector for Academic Affairs PhD, Kyzylorda State University named after Korkyt Ata, Kyzylorda, Republic of Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-9881-945X>, Email: Abdrasheva_dana@korkyt.kz

²Magister of Pedagogical Sciences, Kyzylorda State University named after Korkyt Ata, Kyzylorda, Republic of Kazakhstan, Email: akmaralcnlc@gmail.com

The article examines the importance of shadow education in teaching English and its role in the educational process. The aim of the study is to determine the effectiveness of shadow education in improving students' language skills and its contribution to the education sector. The main directions and ideas of shadow education are described, specifically focusing on adaptation to individual needs and methods to enhance the quality of instruction. The study is based on Mark Bray's theory of shadow education and includes a methodological analysis. The main results show the high effectiveness of this teaching method in developing listening, speaking, grammar, and vocabulary skills. The scientific significance of the study lies in revealing the potential of shadow education as a modern method of language learning, while its practical significance is in improving the supplementary education process for mastering the English language.

Key words: shadow learning, English, additional education, language skills, quality of education, individual learning, education system, student motivation.

REFERENCES

1 Bray, M. (2007). *Shadow education: Private supplementary tutoring and its implications for policy makers in Asia*. Comparative Education Research Centre, University of Hong Kong.

2 UNESCO. (2017). *Global education monitoring report: Shadow education (Chapter 3)*. UNESCO.

3 Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» заңы (1999). 4-бап: Білім беру жүйесінің негіздері. Wikipedia. https://kk.wikipedia.org/wiki/Білім_беру_туралы_заң

4 Lee, J., & Shouse, R. (2011). The impact of shadow education on students' academic success. *Asia Pacific Education Review*, 12(3), – P. 459–472. <http://dx.doi.org/10.1007/s12564-014-9326-9>

5 Stevenson, D. L., & Baker, D. P. (1992). Shadow education and allocation in formal schooling: Transition patterns in academic development. *American Journal of Sociology*, 97(6), 1639–1657. <https://doi.org/10.1086/229942>

6 Silova, I. (2010). *Private tutoring in Central Asia: New opportunities and burdens*. UNESCO IEP Policy Forum.

7 Zhang, W., & Bray, M. (2020). *The dynamics of shadow education: International perspectives on private supplementary tutoring*. Comparative Education Research Centre.

8 Dawson, W. (2010). Private tutoring and mass schooling in East Asia: Reflections of inequality in Japan, South Korea, and Cambodia. *Asia Pacific Education Review*, 11(1), – P. 14–24. [DOI:10.1007/s12564-009-9058-4](https://doi.org/10.1007/s12564-009-9058-4)

9 Сыдыбаева, Н. Ж. (2022). Ағылшын тілін оқытудың заманауи әдістері. *Modern Scientific Method*, (1). <https://ojs.publisher.agency/index.php/MSM/article/view/177>

10 Ағылшын тілін оқытудың қазіргі замандық әдістемелері. (2021.). Stud.kz. <https://stud.kz/referat/show/67591>

11 Ағылшын тілін оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдері. (n.d.). Rusnauka.com. https://www.rusnauka.com/6_SWMN_2015/Pedagogica/5_187713.doc.htm

12 Ағылшын тілін оқытудың тиімді жолдары. (2021). Educational Sciences Index. <https://eduindex.kz/pedagogical-work/1810-aylshyn-tilin-oytudy-tiimdi-zholdary.html>

13 Ағылшын тілін оқытудың тиімді әдіс тәсілдері. (2021.). RCDO.kz. <https://rcdo.kz/publ/1838-aylshyn-tiln-oytudy-timd-ds-tslder.html>

FTAMP14.25.09

А.Н.Галиева

Гуманитарлық ғылым магистрі, педагог-шебер, тарих пәнінің мұғалімі

Қ.Әбдіғұлов атындағы №34 орта мектеп-гимназиясы, Алматы облысы,

Талғар ауданы, 041623 Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0009-0007-4508-6003>,

E-mail:assem_er.nur@mail.ru

ІС-ӘРЕКЕТТІ ЗЕРТТЕУ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ IELTS ӘДІСНАМАСЫНЫҢ ТАРИХ ПӘНІ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ

Бұл мақалада Халықаралық IELTS (International English Language Testing System) әдіснамасының жалпы білім беретін орта мектептерде тарих пәні бойынша білім беру процесінде қолданылуының тиімділігі мен нәтижелері қарастырылады. IELTS сынағы ағылшын тілін меңгеру деңгейін бағалау үшін әлемдік деңгейде танымал болып табылады. Бұл зерттеуде IELTS әдіснамасының тарих пәнін оқытуда қалай қолданылатыны, оның оқу процесіне әсері және нәтижелері талданады. Зерттеу нәтижелері IELTS әдіснамасының тарих пәнін оқытуда тиімділігін көрсетеді және бұл әдіснаманы қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері туралы қорытынды жасалады.

Түйін сөздер: IELTS, тарих пәні, білім беру процесі, тілдік дағдылар, аналитикалық ойлау, іс-әрекеттік зерттеу, әдіснама.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Халықаралық IELTS әдіснамасы ағылшын тілін оқыту жүйесінде кеңінен қолданылатын стандартталған тестілеу жүйесі болып табылады. Алайда, бұл әдіснама тек тіл үйренушілер үшін ғана емес, сондай-ақ басқа пәндерді оқытуда да пайдалы болуы мүмкін. Тарих пәнін оқытуда, IELTS әдіснамасының үш негізгі компоненті: тыңдалым, оқылым,

жазылым дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмаларды қолдану оқушылардың білім деңгейін арттыруға ықпал етеді. Бұл әдіснама арқылы тарих сабағында ақпаратты өңдеу, талдау және түсіну қабілеттерін дамытуда үлкен рөл атқарады.

Мақалада аталмыш әдіснаманың тарих пәні сабақтарындағы қолданылуына қатысты зерттеу нәтижелері және оның оқу процесіндегі әсері талқыланады.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген [1]. Әлемдік білім беру парадигмасы бойынша педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты, білім берудің бағдарламасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, басқаша қарым-қатынас, өзгеше менталитет пайда болды.

Әлемдік білім беру кеңістігінде оқу үдерісінің сапасын арттыру және оқушылардың пән бойынша білімін тереңдету мақсатында әртүрлі әдіснамалар мен технологиялар қолданысқа енгізілуде. Бұл педагогтерге өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға мүмкіндік береді. Тарих пәнін оқытуда халықаралық IELTS әдіснамасының қолданылуының тиімділігі мен нәтижелері қарастырылады. IELTS әдіснамасы оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға бағытталған болса да, оны тарих пәні бойынша қолдану оқушылардың аналитикалық ойлау қабілетін және ақпаратты сараптау дағдыларын арттыруға мүмкіндік береді және шығармашылық ойлауын талап етеді, бұл тарих пәні үшін өте маңызды.

Ұсынылған тапсырмалар негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарты [2], IELTS халықаралық әдіснамаға [3] сәйкес коммуникативті дағдыларды басшылыққа ала отырып пәндік академиялық біліммен шектелмей, оқушыларға ойлау дағдыларын жетілдіре отырып, тарихи үдерістерді түснуде дүниетанымдық көзқарасын кеңейте отырып әлемдік білім беру кеңістігінде бәсекеге түсе алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.


Жұмыстың өзектілігі: Білім беру кеңістігінде әлемдік бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген тұлғаның қалыптасуы маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, оқу процесінің сапасы мен оқушының алған білім, білік, дағдыларын қалыптастыруда педагогтің рөлі зор. Сондықтан, педагог оқу-тәжірибелік тапсырмаларды әзірлеуде халықаралық әдіснамаға негіздесе, педагогті кәсіби шыңдап, инновациялық педагогикалық әдістеме жасап, авторлық оқу-тәжірибелік тапсырмаларды әзірлеуі жұмыстың өзектілігін көрсетеді.

IELTS (International English Language Testing System) – ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтауға арналған халықаралық тест жүйесі, оның компоненттері тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым дағдыларын қамтиды. Тарих пәнін оқытуда осы әдіснаманың қолданылуы оқу үдерісін жаңа деңгейге көтеріп, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл зерттеу тарих пәні бойынша IELTS әдіснамасын қолданылуының тиімділігін анықтау мақсатында 2023-2024 оқу жылында жүргізілді. Зерттеуге 10-11 сынып оқушылары қатысты. Зерттеу барысында тарих пәнінің әртүрлі тақырыптары бойынша тыңдалым, оқылым, жазылым және айтылым дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар құрылды. Оқу материалдарына тарихи деректер, мәтіндер, сұрақтар мен тапсырмалар IELTS әдіснамасына негізделіп, оқушылардың тілдік дағдыларымен қатар, тарихи ақпаратты өңдеу, талдау және түсіну дағдылары да бағалау маңызды рөл атқарады. Зерттеу нәтижесі, төмендегі 1 кестеде көрсетілген:

1 кесте IELTS әдіснамасы бойынша материалдар мен тапсырмаларды қолдану нәтижелері:

Зерттеу нәтижесі	тыңдалым	оқылым	жазылым	айтылым
Бастапқы нәтиже	13%	50%	32%	60%
Аралық нәтиже	46%	90%	72%	90%



МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Л. Выготский айтқандай: «оқытуды ізгілендіру» қажет, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау кезінде оқушының білімімен қоса оның жеке құндылықтарын бағалау керек» дейді [4]. Осыған байланысты оқу-тәжірибелік тапсырмалар екі түрі қалыптастырушы және жиынтық бағалау критерийлер бойынша бағаланады. Бағалау арқылы мұғалім де, оқушы өз жұмыстарының табысты және сәтсіз тұстарын бағдарлайды.

Қалыптастырушы бағалау арқылы мұғалім мен білім алушы арасында үздіксіз кері байланыс қамтамасыз етіледі. Бұл білім алушылардың мүмкіндігін анықтауға, қиыншылығын табуға, оң нәтижеге қол жеткізуіне көмектесуге, дер кезінде оқу үдерісін түзетуге мүмкіндік береді. Қалыптастырушы бағалау барысында оқушылар өз ойын еркін жеткізіп, өзіне өзі баға беруге, сыныптастарын бағалауға үйренеді, жеке, жұппен, топпен жұмыс істей жүріп, ынтымақтастыққа ұмтылады, бір-бірін тыңдауға, талдауға, салыстыруға, аналитикалық зерттеу арқылы өз пікірін қалыптастырып, бағалауға бағыттайды.

Қалыптастырушы бағалау оқушылардың төменде көрсетілген іс-әрекетінде жүзеге асады:

- топтық, жұптық, жеке жұмыстар кезінде оқушылардың бір-бірімен бірлесе жұмыс жасауын кезіндегі белсенділігі, білімі, тапқырлығы, бірлесе жұмыс жасауы бағаланады;
- тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларымен жұмыс кезінде қалыптастырушы бағалаудың рөлі ерекше;
- жұмыс барысында, сабақ соңында рефлексия жасауда қажет;
- оқушылармен олардың жұмыстарын және сол жасалған жұмыстарды жақсартуды қажет ететін мүмкіндіктерді қарастыру барысында да бағаланады;
- тәжірибе мен теорияны ұштастыра алу бағытындағы жұмыстарда бағалау орынды қолданылғаны абзал;

Қорыта айтқанда, қалыптастырушы бағалау әр сабақта қолданылады және мұғалімнің таңдауы негізінде ауызша, жазбаша, шартты белгілер арқылы бағалауға болады.

Жиынтық бағалау оқушылардың төменде көрсетілген іс-әрекетінде жүзеге асады:

- Оқу процесінің әр кезеңінде әрбір оқушының дайындық деңгейін анықтау;
- Оқушының жеке даму динамикасын бақылау және анықтау;
- Оқушының білім-білік дағдыларын дамыту, ынталандыру, мұғалімнің оқушы мен ата-ананың арасындағы кері байланысты қамтамасыз етуі;
- Бағаның нақтылығы. Сабақ үдерісі кезіндегі тапсырмаларға байланысты критерийлер бойынша формативті бағалап, сабақ соңында критерийге сәйкес дескриптор бойынша жинаған ұпайлары бойынша жиынтық баға қойылады.

Тапсырманы орындау деңгейіне байланысты, 9 балға дейін бағалау мен қоса критерийлер

ұсынылады.

Төменде тапсырмалар үлгісін ұсынамыз және ол оқушылардың рухани қажеттіліктері мен даму мүмкіндіктеріне сәйкес құрастырылған.

1. Тыңдалым және оқылым: Тарихи мәтіндер мен аудиоматериалдар арқылы тыңдалым және оқылым дағдыларын дамыту.

2. Жазылым және айтылым: Жазбаша эсселер, пікірталастар мен жобалар арқылы оқушылардың жазылым және айтылым дағдыларын дамыту.

1) Тыңдалым тапсырмасы:

Мақсаты: Дарий патшасының жасаған жорықтары мен шайқастарын түсіну.

<https://drive.google.com/file/d/10YO2W52Ue85X7OmFf7yfJeqkFzNWSjq/view?usp=sharing>

Картада келесі жерлерді белгілеу:

1.Гиркан теңізін картадан анықтап, қазіргі атауын жазыңыз _____

2.Парфия мен Гирканияның орналасуын картадан анықта.

3.Картадағы Парфия патшалығы мен Гирканияның территориясында қазіргі заманда орналасқан 4 мемлекетті анықта.

1	2	3	4



2) Оқылым тапсырмасы:

Ирандық дерек: Бехустин жазбасы

Өз білімдеріңізді тексеріңіздер.

Мәтінмен жұмыс

Бастапқы деңгей (Түсіну)



1. Бехистун жазбасының авторы кім?

- А) Дарий
- В) Кир
- С) Дарийдің ұрпақтары
- D) Г. К. Роулинсон

2. Бехистун жазбасында қандай тілдер қолданылған?

- А) Парсы, элам, аккад
- В) Парсы, арамей, грек
- С) Парсы, латин, аккад
- D) Парсы, араб, грек

2. Орта деңгей (Талдау және түсіндіру)

1. Дарийдің Бехистун жазбасында өзін мадақтап жазуы қандай мақсатты көздеген?
